Оның анимация тарихындағы алғашқы дыбыстық лента болып саналатын «Параходик Вилли» фильмі 1928-ші жылы үлкен жаңалық алып келген еді. Дыбыс пен түстің пайда болуы анимацияның тарихта қалған «алтын дәуірін» тудырды. Дисней американ мультипликациясын жүйеге келтіріп, Мак Сеннеттің көркемсуретті кинодағы жоғалған дәстүрін қайта оралтқандай еді. Ол мультипликациялық фильмге темп, үлкен қуат берді. Сюжеттерді трюктармен, гэгтармен көркемдеп, қолдан салынған кейіпкерлер ойынының шынайылығына қол жеткізді және олардың арғы жағында адам мінез-құлқына тән қайталанбас мінез-құлықтар, бетперделер жасады. Диснейдің фильмдерінде бетперделер қолданылуымен қоса үлкен сұранысқа ие болғаны анық. Ал, оның ең танымал кейіпкерлерінің бірі – Микки-маус. Ол икемді, тентек және батыл мінез-құлқымен ерекшеленеді. Зерттеуші С.Асенин өз еңбегінде: «Дисней гротескті пропорциялау тәсілдерін жиі қолданды. Микки және басқа да кейіпкерлердің бейнесін жасауда олардың фигурасына өзгертулер енгізді, бас көлемін үлкейту режиссердің ойынша мәнерлілікті білдіретін элементтердің бірі болды» [5,140]. Дисней өз кейіпкерін Дуглас Фэрбенкстің кейіпкерлерінен алғанын жасырмайды. Демек, өз заманында ғана емес, бүгінгі күнге дейін үлкен табысқа ие болып, көпшіліктің сүйікті кейіпкеріне айналған Микки немесе басқа да танымал мульткейіпкерлердің адамның өзінен шыққандығын аңғартады. Яғни, басқаша айтқанда, адам өзінің шалыс қылықтарына өзі күледі, бірақ жануарлардың, жәндіктердің орындауында. Сонымен бірге Дисней шығармаларындағы кейіпкерлер кәдімгі қарапайым американдықтардың ортасынан да алынып отырды. Басты кейіпкерлер Микки, және басқа жануарлар, олардың антропоморфталуы анимация өнерінің негізгі бір бөлшегі. Себебі, көркемсуретті фильмдерде жануарлар адамды ойнай алмайды, онда барлығы өз орнында, сондықтан анимация бұл таңғажайып дүниелер, жаңа кейіпкерлердің пайда болатын алаңы іспетті. Егер, Кольдің кейіпкерлері фантошалар болса, Диснейдің атақты Микки Маусының пайда болуына Пат Сюзливлен мен Отто Месмердің Феликс мысығы үлкен әсер еткен болатын. Бүгіндері мультипликацияның атасы атанып келген Дисней өз кейіпкерлерін, оған дейінгі үлкен сұраныста болған кейіпкерлерге ұқсастырып алғандығын байқауға болады, және себептерін де анықтадық. Диснейдің мультипликацияға алып келген кейіпкерлері үлкен жаңалық болып, өзімен тең түспекші болған бәсекелестерді де тудырды. Макс және Дейв Флейшерлердің Попейо теңізшісі елуінші жылдардың аяғына дейін американдық стильдегі қаһармандықтың ақымақша еліктеуі деп Ж.Садуль атаған болатын. Дисней әлемдік анимацияда үлкен жетістіктерге жетті, оның шығармаларына деген қызығушылықпен қоса еліктеушілік те қатар жүрді. Бірақ, Диснейден кейінгі кезең оны сынап, әшкерелеуге толы болды. Себебі, Диснейдің анимациялық шығармалары кез-келген елдің ұлттық анимациясының дамуына кедергілер келтіретін еді. Осы тұрғыда көрнекті кеңестік режиссер С.Эйзенштейн: «Егер

де мультипликациямен айналысар болсақ, онда әрине, диснейлік торайлар, тышқандармен емес, орыс халқының фольклорының ізімен жүруіміз керек», - деді [5,103]. Сондай-ақ И.Иванов-Вано былай деп жазады: «Диснейдің гипнозының әсерінде жүріп сыншылар американдық мультипликациясының дәстүрі журналдың сериялық ойын-сауық комикстарынан шыққандығын ұмытса керек, себебі бұл біздің фольклордың дәстүрлерімен, жалпы өнермен ешбір байланысы жоқ» [4,84].

1948-45 жылдары қарапайым, еркін стильді қолдап, өзінің жаңа формаларымен Диснейге қарсы Канадалық Стивен Босустов және басқаларының шығармашылығы журналдық графикаға жақындау еді. Босустовтың «ЮПА», яғни «юнайтед продакшн оф Америка» мектебі пәлсафаға толы картиналарды өмірге әкелді. Осы мектеп кейінгі кездері ағылшын мультипликациясына әсерін тигізіп, Лондон қаласында Джон Халластың жетекшілігімен бөлімшесі ашылды.

Қуыршақты фильмдердің дәурені жүрген кез ретінде чехославак шеберлері Иржи Трнка, Г.Тырлова, К.Земан, Б.Пояр, И.Брдечктерді айту керек. Сатиралы-пародиялық жанрда Иржи Трнка қуыршақты фильмдердің классигі болды. Оның фильмдері американдық ковбойлық фильмдердегі қайталанып, штампқа айналған сюжеттер мен трюктарды әшкерелеп, сынға алды. Г.Тырлова балаларға арналған ойыншықтар жасап, шынайы ортаны тірі персонаждармен салыстырса, К.Земан комедиялық кейіпкерлермен қысқаметражды фильмдер жасады. Ол Чаплин бейнесін келтірген болатын. Осындай шеберлер арасына Душан Вукотич 1956 жылы «Загребфильмнің» негізін қалайды. Вукотич авторлық киноны алып келгендей еді. Ол жайында С.Асенин былай деп жазады: «Вукотичтің жеңіл, ойнақы стилі, оның суреттерінен алдамшы екендігін көрсетеді. Оның фильмдері – өте күшті әлеуметтік мәселелерді көтеретін философиялық этюдтерге жақын» [5,57]. Расында да Д.Вукотичтің «Суррогат» фильмін көре отырып, осындай түйіндерді жасауға болады. Ол алғаш рет еуропалық киномектептердің ішінен «Оскар» сыйлығын жеңіп алады. Югослав мектебі еуропалық әсерлі мектептердің бірі. С.Асенин: « Югослав мультипликаторлары оларға ғана тән түйінделген, аскетикалық формалар мен графикалық әфсана фильмдерден бас тартып, суретті киноминиатюраларға жалпақ марионеткалар, фотокималар мен деректі кадрлар сияқты көптеген жаңа компоненттер енгізеді. Сюжеттер еркін және көңілді, ассоциациялық, параллельді ирониялық салыстырулар мен метафораларға құрылды», - деп жазады [5,62]. Ватрослав Мимица, Златко Боурек, Александр Маркс, Борис Колар сияқты мультипликаторлардың шығармашылығы ешкімге ұқсамайды. Сол секілді болгариялық Тодор Диновты суретті киноның шебері деуге болады. Драматург ретінде фильмдерінің сценарийін өзі жазған. Сондай-ақ болгар суретті фильмдерінің ұлттық бейнесі сатиралық миниатюра жасаған Стоян Дуков, Зденка Дайчева, Иван Веселиков сияқты мультипликаторлардың шығармашылығында көрініс табады.

Ал, Венгер мектебі соғысқа қарсы тақырыпта дамыды. Бұл басқа мектептерге қарағанда қызық дамыды, өйткені олар әр түрлі жанрларда тәжірибе жасайды. Осы тұста Д.Вукотичтің мына сөздерін келтіруге болады:

«Мультипликацияның әлемі тек экранда ғана бар. Бұл нағыз шындықтан шыққан өмірлік көріністер емес, оның интерпретациясы» [5,100]. Мультипликацияның дамуына айтарлықтай әсер еткен журналды карикатура еуропалық киномектептердің Диснейдің жаттанды үрдіске айналған стиліне қарсы шығуға әкеліп соқтырды. Бірақ, нәтижесінде олар өздерінің анимациялық өнерінде ұлттық нақышқа сай өзіндік дәстүрлерін қалыптастырды. Екінші жағынан, анимация қоғамдағы әлеуметтік мәселелерді көтеретін салаға айнала бастады. Бұл оның таңғажайып ерекше өнер ретіндегі рөлін айқындай түсті.

Кино, анимацияның тілі – ортақ тіл. Ол баршаға да түсінікті. Ол қозғалыс, ол бейне. Ол тірілу. Жандану. Анимация кино өнері секілді әлемдік аренада жоғары статусқа ие. Көркемсуретті кино элементтерінің анимацияға біртіндеп енуі, фантастикалық уақиғалар мен әр қилы жаңа дүниелердің пайда болуы мен байланыс табуы, жаңа қырларының ашылуы оны кино өнерінің бір түрі ретінде қабылдауға әкеліп соқтырды, дегенмен ол киноға ұқсас, бірақ өзіндік дамуы бар ұлы өнер. Кино секілді прокаттық жүйеде қомақты қаржыға ие болып отырған анимациялық студиялардың дейін көпшілігі шет елдерде орналасқан. Кино секілді алғашқы жылдары публикаға таң-тамаша ләззат сыйлаған анимацияның кейінгі жылдары ойын-сауыққа айналған еді. Бүгіндері, өнер түрінде ғана емес, тауар ретінде сынға түсетін мультфильмдердің саны күн санап артып келеді. Авторлық анимациялық фильмдер автордың ішкі әлемінен туындап, үлкен құбылысқа жетелейді. Анимация заманауи аудиовизуалды өнер ретінде өз маңызын арттыра түспек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Ногербек Б.Р. Когда оживают сказки: Мультипликационное кино Казахстана. – Алма-Ата: Өнер, 1984г.
2. Курчевский В.В. Изобразительное решение мультипликационного фильма (О природе гротеска и метафоры). Москва, 1986г.
3. Мультипликация, аниматограф, фантоматика....., Киев, 1989г.
4. Иванов-Вано И.П. Кадр за кадром. Москва: Искусство, 1980.
5. Асенин С. Волшебники экрана. Москва: Искусство, 1974.

**Айдарбек Айгерим,
мнс отдела Зарубежного искусства
ГМИ РК им. А. Кастеева
Магистр искусствоведения
Казахстан, Алматы**

«СОЗЕРЦАЯ ТИШИНУ...» АКВАРЕЛИ УКЕ АЖИЕВА

Одним из значимых факторов нынешнего развития изобразительного искусства, является стремление современного общества не идти в ногу со временем, а скорее опережать его. Соответственно, художники, являясь частью социума, точно также отражают не только события, но и запечатлевают темп, в котором живет мир. В исследовании рассматривается творчество художника – акварелиста Уке Ажиева как пример гармоничного объединения созерцательности с реальностью.

В наш стремительный век, когда новейшие технологии уже становятся неотъемлемой частью жизни человека, мы не можем повернуть стрелки часов назад, словно по требованию, движемся, стремясь успеть за этим миром, схожим с «колесом сансары». Только как бы не развивался мир, натура художника остается неизменно материей созерцательной, словно зеркальным отражением природы и общества, через призму собственных взглядов и реакций.

На протяжении не одного века, изучая творчество мастеров, мы наблюдаем их тесную связь с тенденциями в социуме, политике. Знакомясь с новыми произведениями, обязательно сталкиваешься с приемами, способами в выражении замыслов, сюжетных линий, которые использовались в другой проблематике, либо совсем являются новой для художника, обращаются к темам, которые затрагивают философские вопросы.

В Казахстане история становления изобразительного искусства связана со многими именами. Есть мастера, начиная с Абылхана Кастеева, которые внесли неоценимый вклад, создав произведения, входящие в копилку шедевров казахстанского изобразительного искусства.

Сегодня хотелось бы, остановиться на творчестве другого не менее значимого художника – Уке Ажиевича Ажиева, известного как мастера акварели. Он родился 23 декабря 1924 года в селе Кемертоган, Алматинской области. В 1938 году четырнадцатилетним юношей поступает в Ленинградскую художественную школу, но, которую, к сожалению, не заканчивает, по причине начавшейся войны. В 1950 году окончил Алма-Атинское художественное училище им. Н.В. Гоголя. В 1959 году становится членом союза художников СССР. В 1985- Заслуженный деятель искусств Казахской ССР, лауреат государственной премии культуры и изобразительного искусства им. Ш. Валиханова. Лауреат независимой премии «Тарлан», обладатель ордена

«Парасат», Лауреат стипендии Первого Президента РК, ветеран Великой отечественной войны, участник блокады Ленинграда.

С самой юности он упорно шел к своей цели – стать художником. И несмотря на такие события как война, блокада, не потушили в сердце молодого человека огромное и страстное желание писать. Избранная им акварель, стала для Уке Ажиевича той вещью, с которой не расставался, как музыканты, не расстаются с их музыкальными инструментами или поэты, чье перо никогда надолго не покидало сжатой руки.

Уке Ажиевич является мастером акварельной поэзии. Ему удавалось, кажется, приручить акварель. И за цветными разводами на листе скрывается эта тайна, которую, благодаря тонкому чутью художника, не так просто разгадать.

Акварель Ажиева наполнена трепетным желанием запомнить каждый момент теплыми душевными образами и событиями. Другими словами, одно мгновение так важно для бытия человека, в особенности для бытия художника, чей внутренний порыв стремится поделиться этой магией необъятной красоты мира. Тогда руки мастера, вооружившись кистью и палитрой, выносят на обозрение других, свой разнообразный, разноцветный мир. Разлетевшись по просторам листа, цвета рождают свои тандемы, свои острова, где мыслям разрешено гулять и сплетать нечто иное, ощущаемое лишь струнами души, гранями сознания или отдаленными уголками памяти. Сама акварель отличается от других видов живописи многообразием технических приемов. Легкость краски придает работам атмосферность и невесомость. «В акварели существуют два основных метода работы. Первый – многослойная акварельная живопись с моделирующим прокладочным тоном, поверх которого художник постепенно накладывает прозрачные лессировки, достигая определенной силы цвета. Второй метод – *a la prima*, при котором на бумагу сразу наносится цвет необходимой интенсивности. Причем бумага может быть как мокрой, так и сухой – важен сам принцип работы в один прием. Этот метод особенно важен в работе с натуры и на пленэре, когда состояния природы быстро меняются. Он также применим в работе над натюрмортом, портретом, пейзажем, интерьером, в этюдах людей и животных. Он вырабатывает быстроту и сноровку, а также необыкновенно дисциплинирует в искусстве, приучает создавать и добиваться результатов»[2]. Акварель тяготеет к миниатюре, к мягкому, нежному, но сложному языку. Если говорить о технике нашего акварелиста, то о ней пишут: «У. Ажиев использует разнообразную технику акварели. То он работает по сухому листу и дробными мелкими мазками лепит лицо портретируемого, лаконично используя цветовую палитру акварели, как, например, в «Портрете Шарипова». То наоборот, пишет мягкими растекающимися пятнами, незаметно переходящими одно в другое, как это мы видим в листе «Обнаженная», где вибрирующий, мерцающий цвет акварели подчеркивает и выявляет теплоту и нежность розовой кожи женщины, шелковистость рыжих волос, красоту серо-жемчужного фона» [3].

Привлекательна живопись Уке Ажиева панорамностью. Что такое панорамность? Картина у которой плоский живописный фон совмещается с объёмным предметным первым планом. Панорама создает иллюзию реального

пространства, окружающего зрителя в полном круге горизонта. Ее применяют главным образом для изображения событий, охватывающих значительную территорию и большое число участников.



В 1972 году художником была создана серия «По Югославии». Например, «Порт в Дубровнике». Климат городка остается нейтральным. Уке Ажиевич использует много черного цвета, смешивая с яркими, такими как красный и оранжевый, создается реалистичное ощущение небольшого порта. Такого по-своему уютного и компактного. Здесь прослеживается стремление автора передать особое восприятие

природы им самим. Бьются волны и активно живущий город не мешают художнику уловить прелесть мгновения, поймать секунду и изобразить его взглядом стороннего наблюдателя. Уке Ажиевичу удастся привлечь зрителя и передать это настроение.

Еще одна яркая работа из серии «По Югославии» – это «Набережная в Сплите». Городской пейзаж все также представлен теплым, ярким и добродушным. В данном произведении использовано много желтого оттенка, смешивающегося то с охристыми цветами, далее с зелеными, и в отдельных местах с серо-голубыми. У Уке Ажиева было большое количество поездок не только по Советскому союзу, но и в другие страны, где он не упускает возможности уловить не сколько характер городов, а ощущения, которые испытываешь, будучи там. Об одной из работ из этой серии, искусствовед пишет: «...светлый радостный колорит передает ощущение солнечного дня и влажного морского воздуха, смягчающего все очертания» [1]. На примере вышеописанных работ, как раз и представляются зрителю панорамные виды.



Лиризм в творчестве Уке Ажиева проходит красной нитью. В его работах четко прослеживается ракурс его видения. Некая отдаленность от центра событий, но не отстраненность. Мастер очень тонко расставляет акценты, и они служат скорее для того, чтобы обозначить нюансы в технике. В целом же, будь то образы людей или пейзажные мотивы - это полная тишина, нарушаемая лишь порывом ветра. Хотя нельзя говорить о полном одиночестве в изображениях, хотя бы потому, что художник вступает в диалог с цветом, тем самым наполняя живым дыханием полотно. Мастеру удастся перенести настроение не только живой природы, а создавать целый мир водяной палитрой, заливая открытым цветом, не ограничивая фантазию. Хочется окунуться в это море красок.

А в портретных изображениях художник стремится запечатлеть отличительные черты, характер с помощью которых появляется возможность раскрыть мир чувств и переживаний героя. Одна из примечательных работ «Бабушка и внучка», написанная в 1972 году. На ней изображена сидящая

пожилая женщина. На голове платок. Скулистое темное лицо отражает тяжелую трудовую жизнь героини. Глубокая межбровная морщина создает впечатление напряжения в районе всего лба. Поверх белой одежды темный жилет. С правой стороны виднеется Орден Звезды. Мощные кисти рук обнимают маленькую девочку в желтом платье. С двух сторон видны красные бантики. Лицо девочки подобно спелому плоду яблони, щеки которой отдают легким румянцем. В ее руках цветок тюльпана.

В акварели «Бабушка и внучка» автор противопоставляет молодость мудрости, беззаботность опыту и ответственности, но такой акцент сделанный на тюльпане символизирует жизнелюбие, радость жизни какой обладал сам Уке Ажиев несмотря на череду испытаний, выпавших на его долю. Этот портрет как раз таки и отражает то, каков художник сам по природе своей. На мой взгляд, почерк автора, обладая особенностями изображения, как в технике, так и в передаче эмоционального фона в работах, позволяет нам внести устойчивое понятие как «Ажиевская акварель». Сдержанный темперамент, деликатные мазки, планомерное течение событий, в каждом сюжете, а также портретные образы, обретающие неповторимую глубину, благодаря созданию легкой отдаленности от портретируемых.



В последнее время возникает вопрос, касательно живописи сегодня. Быстрыми темпами развивается искусство, принятое называть концептуальным, которое, как показывает практика, не ставит задачи следовать традициям, а наоборот стремится строиться на принципах идеи и замысла, но мало или абсолютно не задумываясь о технике. На примере творчества Уке Ажиева стало необходимостью передать идею сохранять традиции, которые были заложены в течение не одного века. Связь поколений представлена в творческой биографии художника, который имел совместные, продолжительные и результативные творческие работы с первым казахским художником – Абылханом Кастеевым.

Творческая деятельность Уке Ажиева – это яркий пример того, какой обладает точкой зрения человек этой профессии – он не отрешен от реальной жизни, но он словно видит абсолютно другие грани поставленных задач, более глубокие, философские и он умеет о них рассуждать через картины, но обязательно при этом созерцая тишину...

Список литературы

1. Барманкулова Б.К. Альбом Уке Ажиев. Вступительная статья. – Алматы: Онер, 1984. – 22с.
2. Семенова М.А. Статья Искусство акварельной живописи в формировании профессионализма педагогов изобразительного искусства. <http://www.art-education.ru>
3. Очерки истории изобразительного искусства Казахстана. Изд. «Наука» Казахской ССР, 1997 – 179 с.

Кастеевские чтения 2018

4. Барманкулова Б. К. альбом Абылхан Кастеев. Алма-Ата: Өнер, 1986
5. Шалабаева Г. К. Союз языков науки и искусства. Алматы: КазНАИ им. Т. Жургенова, 2012 – 104с.
6. Габитова М. Каталог юбилейной выставки, посвященной 50-летию со дня рождения и 30-летию творческой деятельности. Алма-Ата, 1977. – 4 с.
7. Вощенко Р. статья газеты «Вечерний Алматы» от 29.08.1973 «Спешу передать в красках...»

**Жуваниязова Гүлнар Қуандыққызы
Ә. Қастеев атындағы ҚР МӨМ
Қазақтың қолданбалы өнері
бөлімінің аға ғылыми қызметкері
өнертану магистрі, ҚР СО мүшесі**

ЖАРҒАҚ ТОН – КӨРКЕМДІК ФИЛОСОФИЯСЫ

Адамзат үшін ұлттық рухани қазынаның бірі – халықтың қолөнер, әдет-ғұрп, салт-сана, дәстүр. Ұрпақтан ұрпаққа сабақтасқан ұлағаты ерекше асыл мұра болып саналатын қазақтың ұлттық киімдері өзінің сипатымен, сырымен, сәнімен, сан ғасырлық тарихи бедері сынбай жалғасуда. Қазақ көшпенділік өмір сүрген халық. Құлазыған кең даланың үскірік аязы мен аптап ыстығында, салқын самалы мен аңыздық желіне қамсау болар киімдердің түрлерін ойлап тапқан. Дала өнерін зерттеген республикамыздың әйгілі ғалымы академик Ә. Марғұлан мен сәулет ғылымының кандидаты Т. Бәсенов, А. Масанов, Х. Арғынбаев, С. Қасимановтың еңбектерінде кеңінен айтылған. Қазақы киім – көненің көзі демекші, зерттеулерде ұлттық киімдердің пішіндері, көркемдік ерекшеліктері түсіндіріледі.

Ұлттық нақышты ерлердің киімдері жатық тігісті, кестелі, зерлі оқалы бір сөзбен айтқанда пішіні сыпайы сәнді келген. Осы тұста ақын, философ Абай Құнанбаевтың ұлттық киім туралы өлеңі еріксіз ойға келеді:

Ойланып, ойға кеттім жүз жылғы өткен,
Тон қабаттап кигенім – жарғақ тон.
Жейде-дамбал ақ саннан, жарғақ шалбар,
Жырым балақ, матамен әдіптелген.
Мықшима аяғымда былғары етік,
Киіз байпақ тондырмас ызғар өтіп.
Үлкен кісе белімде жез салдырған
Шакпағым, дәндәкуім жарқ-жүрк етіп.
Күләпәра бастырған пұшпақ тымақ,
Ішкі бауын өткізген тесік құлақ.
Тобылғыдан кесіп ап, жіппен қадап,
Артын белге қыстырған бар құрысқақ.
Қалмақы қара үзенгі, биік қасты ер,
Қанжығамда байлаулы жіптен шідер.
Жарғақ жастық көпшігім, жезді пыстан,
Бір келісті сайманым топқа мінер.

Жарғақ тон, жарғақ шалбар, жарғақ жастық – деп келтірген Абай Құнанбаевтың «Ескілік киім» өлеңінде қазақ халқының ұлттық киімдерін, бұйымдарын ерекше атауларын, қазақ ер азаматының жасанып киім киісін суреттейді. Серілердің сән салтанатты келіскен сымбатын ою-өрнекпен өрнектелген шапан, тон, шекпендері әрдайым ақын-жыраулардың өлең


сөздерінде жырланып жатады.

Қазақ ұлттық киімдердің ішінде өзіндік көркемдік сәнділігімен ерекшеленетін сырт киімдердің бірі – «Жарғақ тон». Жарғақ – құлын, тай бөкен терісін таза илеген былғары тері. Былғары – ірі қара мал терісін құрымға салып жидытылған түрі. «Құрым» – мал жүнін жуған қайнатпа суынан алынған шайыр. Бұл ашытқы бояу ретінде де қолданылады. Құрымға салынған тері қара қошқыл қоңыр түске ренделеді. Әдетегідей ірі қара мал терісі онбес-жиырма күн күнге дейін жидытылады. Оларды күніне екі-үш рет сапсып, тегіс жидытылуын қадағалап отыру маңызды. Өйткені құрым басқа ашытқыға қарағанда өткір болады. Құрымға жидытылған мал терісі ренді, әрі жұмсақ болып шығады. Шеберлер былғарыны дайындауда алдымен терінің құрымда іріп кетпеуін, сосын кергішке тартуда тез кеуіп кетпеуін, созу процесінде аса жұқармауын қадағалайды.

Негізінде былғарының өн бойы бірнеше бөлікке бөлінеді. Оны жіліктеу деп атайды. Олар «жон», «сауыр», «мойын», «бауыр», «пұшпақ», «үйек» терісі болып бөлінеді.

Аталымына қарай былғары жілігінің жон терісінен жарғақ тон, шапан (*Ел арасында шеге шапан деп атайды. Мұндай шапандар құдалықта қыздың әкесіне кигізеді. Уәдеміз шегедей болсын деп ұғымда арнайы тігілген.*) пішіліп тігіледі.

Жарғақ тонға дайындалған «жон» былғарыны тегістей сүргілеп, уқалап жұмсартады. Киімге арналған былғарының әрін келтіруде томар, рауғаштың түбірі, еменнің қабығынан алынған қайнатпаға ашутас қосып қайнатып, сосын оны жылы




кезінде жуып кептіреді. Қайнатпадан шығарып қыртысын жасып, уқалап тағы да жұмсартады. Дайындалған былғары шекпен шапан үлгісінде пішіп тебен инемен айқас тігіспен құрастырады. Жарғақ тон Солтүстік, Батыс, Шығыс Қазақстан өңірі қалың матамен астарлап жиектейді. Бұл негізінде күздік және қыстық сырт киім болған соң жергілікті ауа-райына сай жасалатын киімдердің бірі. Көбінесе жауын-шашын, боранды күні сыртынан киетін «аба» ретінде де киген. Аба – жылқы терісінен жасалатын сулық (жаңбырға киетін киім).



Тарихи деректерді парақтар болсақ, негізінде «жарғақ» жасау өнері біздің заманымыздан бұрын II ғасырда Кіші Азия Перғам қаласында жас төлдің терісін жазуға пайдаланатын сапалы материал ретінде шығарып отырды. Бұл табиғаттың аяз, ылғалдық, жылылық немесе ыстық құбылмалы жағдайларда бір қалыпты қасиетін сақтайтын құнды материал болып есептелді. Сондықтан да жарғақ теріден жер картасын, соғыс жорығында шабуыл жасау тактикасын белгілейтін орам қағаз ретінде өндіріске шығарылған. Мұны «жарғақ қағаз» деп атаған екен.

Жарғақ тон шапан үлгісінде пішіледі. Былғарының бүтін жерін, яғни жон теріні арқа жағыны келтіріп пішілген. Қалған бөліктерін құрастырып етек, жең шығарады. Арнайы пішілген материалды тігу әдіс тәсілдерімен өрнектеп бастырып құрастырған. Атап айтсақ көктеу, жиектеу, айқас тігу, шалып және орап тігу. Бірінші жарғақ тонғы дайындалған былғарының құрастыру жиегін жұқалап алып, инемен көктеп қосып шығып, сырт жағынан тігіс әдістерімен сәнді етіп түрлі-түсті жібек жіптермен тігіп шыққан. Әсіре мал терісінен тігілетін тон, ішік, шалбар сияқты киімдерге қолдалады. Өйткені, мал терісінен дайындалған материалдар іштен бүктеп тігілгенмен тонның сырт келбеті жамалған сияқты тұрмау керек. Сондықтан да шеберлер әрбір бұйымның ыңғайын, келісімді болуын және сырт көзге сәнді, көркемдік шешімі біртұтас көрінуін қалаған.



Егер де, біздер ҚР Әбілхан Қастеев атындағы Мемлекеттік өнер музейі қорындағы ХХ ғасырдың бас кезіндегі «Жарғақ тонды» (инвертарлық нөмірі-166) қарастыра болсақ, терінің иленген түк жағы сыртына қаратып тігілген. Шебер тонның арқа жағын желкеден белге дейін бүтін теріден, ал етегін екі бөліктен құрастырған. Алдыңғы жағы мен жеңі бірнеше теріден құрастырылып, жағасы бөлек пішіліп салынған. Жарғақ ұзындығы 127 см, өлшемі-52.



«Жарғақ тон» ХХ ғ. I жартысы. ҚР Ә. Қастеев ат. МӨМ қорынан.

Қазақ ұлттық сырт киім (тон, ішік, шапан, шекпен) жеңінің екі беті бір-ақ қиылады. Дегенмен аймақтық немесе жүздік ерекшеліктері бар. Айталық Ұлы жүздің етек-жеңдері ұзын келсе, Орта жүздікі етектері шалғайлы, жеңдері кең, жағалары шолақ оймалы, ал Кіші жүздің екеттері шалғайлы, жеңдері ұзын және кең. Бірақ барлық аймақта жең түптеріне ойынды, қолтырмаш қойылады.

Мұндай тондардың шеттерінің әдіптерін кестелеп, жаға-жеңдерін және арқа бөлігіне үлкен шеңберлі болып келген ою-өрнекті біз кесте түрімен сәндеп тіккен. Кейде сән үшін жағасын айналдыра етегін аң терісінен жұрындап қояды.

Жарғақ тондардың өңірі шапандар сияқты алтын жіппен жасалған оқа салып әшекейлеген. Басты ерекшелігі жағасы, өңірі, жең ұштары әдемі ұлттық ою-өрнекпен кестеленуінде. Дәстүрлі үлгісі ұзындығы тізеден сәл төмен, жеңінің ұзындығы саусақ ұшын жабуып тұру керек.

Қазақ халқының ұлттық киімдерінде көркемделіп кестеленген «ою-өрнек» сәндік қолтаңбалы өнердің үлкен бір арнасына айналған дәстүрлі ағын. Халық мәдениетінде мәнді рөл атқаратын ою-өрнектер қола дәуірінен қалыптасқаны баршамызға тарихтан мәлім. Ою-өрнектердің қай-қайсысы болмасын маңызды да философиялық ойды білдретін нышандық сипаты бар. Көркемдік шешімде шебер тонның арқа, етек, жең, жағаға салған әрбір өрнегі орнымен және бір-бірімен үндесіп, келісімділігіне көңіл бөледі. Сонымен қатар боу түстердің кестеленген өрнектің әрқайсысы жеке-жеке көрініп тұратындай етіп таңдайды. Бір жағынан ол жарғақ былғарының түсіне қарай келістіреді. Жарғақ тондарға зооморфтық және өсімдік, космогендік тектес өрнектер кестеленіп тігіледі.

Негізінде кесте тігу әдісі «шым» және «әредік» болып бөлінеді. Шым-ашық жер қалдырмай (көбінесе төсек жапқыш, шапандарда кездеседі.) көркемдеу, ал әредік-жеке композицияланған бірнеше өрнектер жиынтығын көркемдеп (тұскиіз, тон) тігу әдісі. Біз кесте тігу әдісі сонау сақ дәуірі кезеңінен бап Қазақстан аймағында мекен еткен кейінгі тайпаларда кеңінен тараған. Жалпы «біз» немесе «тышқан із» кестесі Орта Азия, Таяу Шығыс және Поволжьяның түркі тілдес көшпенді халықтарының негізгі тігіс өнеріне айналған. Тышқан із қарапайым инемен тігілетін түрі, ал біз кесте – ол арнайы темірден немесе сүйектен жасалынған бігіз іспеттес келген құрал. Бізбен тігілетін бұйымдарды арнайы шеңбер немесе төртбұрышты кергішке тартып, ою бедерленген жерді кестелеп шығады. Бұл өте ыңғайлы тігу формасы. Қазақ шеберлері бұл түрін барлық кестелі бұйымдарға еркін қолданады.



Бізбен көркемделген тонның арқа жағына келтірілген «түйетабан» формаға күлгін, көк, ақ түсті жібекпен даланың сәнін келтіретін бәйшешек, қоңыраугүл және қырмызы гүлдерді тізбектей кестелеген. «Түйетабан» – сапардың нышанын білдетін өрнек. Аталған гүлде көктемнің белгісі. Тонның жаға бойына айналдыра сынармүйізді ерсілі-қарсылы келтіре бұғы мүйіз



іспеттес өрнек пен қарғатұяқ жиек қаймасына жанаса үшқұлақ (үшжапырақ депте айтылады) гүл өрнек желке жақтан айнала тонның омырауға келіп кестеленген. Жалпы қарағанда біртұтас силуэттік көріністі байқаймыз. Бір-бірін толықтырып тұрған ою-өрнектер мен қарақоңыр, күлгін, ақ, ақшыл жасыл, көгілдір түс былғарының табиғи қоңыр түсімен үндесіп көркемдік философиясын ерекшелеп тұр.



Осы орайда қазақ халқының қолөнерін зерттеген ғалымдардың бірі – В. Чепелев «Қазақ халқы тек ою-өрнек әлемінде өмір сүретін секілді» деген. Расында да, солай. Киіз үйдің сырты мен ішіндегі әрбір бұйымның формасы мен көркемдік ерекшелігі – қазақ халқының біріншіден өмір-тіршілігін, екіншіден салт дәстүрін, әдеп-ғұрыпын ондағы рухани байлық айқындалады.

Қазақ халқының қалыптасқан мәдениетінен, өнерінен, дүниетанымынан философия жүйесі негізделеді. Адамзат өзінің сана-сезімімен қоршаған ортаның тепе-теңдік үйлесімділігін, оның қуатын қабылдап, содан дүние болмысын рухани құндылыққа айландырған философияның мәңгілік кеңістікте орын алатынын дәлелдеген.

Философиялық көзқарастар мен сенімдер бүкіл дүниетаным жүйесінің негізін құрайды. Философияның өзі таным қызметтерінің ұтымды-ұғымды мәнерін және дүниетаным бағдарын негіздейді. Ежелден адам баласының наным – сенімінен, дүниетанымдылығынан, рухани өмірінен пайда болған ою-өрнектердің өзіндік мағыналы сипаттама беруі ғылыми негізде халық мәдениетінің философиялық көзқараста танылуда түр түстің ою - өрнек өнерінде күрделі рөл атқаратынын, ондағы ой мен идеяны бейнелеу арқылы болмыс пен шындықты және өзіндік шешім табатынын да халықтың даналығын байқатады. Жалпы қазақ халқының дүниетанымында ұлттық ілім, ұлттық сана, ұлттық рух әрбір азаматтың бойына біткен асыл қазына.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Қасиманов С. Қазақ халқының қолөнері. Алматы, 1995
2. Маргулан А.Х. Казахское народное прикладное искусство. Т.3. Алматы, «Өнер», 1994
3. Джанибеков У.Д. “ЭХО”. Алматы, «Өнер» 1991
4. Аргынбаев Х. Қазақ халқының қолөнері. Алматы, 1987
5. Басенов Т.К. Прикладное искусство Казахстана. М., 1970
6. Ставыский Б.Я.. Мясина М. Народное и прикладное искусство Средней Азии и Казахстана. М., 1970
7. Сычев Н.С. Народное декоративно-прикладное искусство Средней Азии и Казахстана. М., 1980
8. Тохтабаева Ш.Ж. Народное декоративно-прикладное искусство казахов: традиции и современность //История искусств Казахстана. очерк – Алматы 2004
9. Батыс Қазақстан. Ақтөбе, Милы ауылының халық шебері Ибрахим Ысқақов ұстамен сұқбат 1995
10. Шокпарұлы Д. Қазақтың қолданбалы өнері. Алматы кітап 2007
11. Луковски И. Изделие из кожи. М., 1991

Ахметова Эльмира Рысбекқызы
Өнертану ғылымдарының кандидаты,
мүсінші,
ҚР Суретшілер Одағының мүшесі,
ЮНЕСКО жанындағы Халықаралық
көркемдік сыншылар

ВАГИФ ЮСУФОГЛЫ РАХМАНОВ

Қазақстан бейнелеу өнерінің жас мектебінің көркемдік даму процесінде 1960-1980-ші жылдардың маңызы зор. Бұл оның өзіндік ерекшелігі қалыптастырып, және де алдындағы кезеңдегі дәрежедегідей тек қана ұлттық мазмұнын толықтыру арқылы ғана емес, барлық түрлерінің кемелденген шағы. Меншікті өңірлік көркем-мазмұндық құралдарын әзірлеу міндеттері сәтті шешімдерін тапқан кез. 1960 жылдардың ортасынан бастап, кескіндеме саласында ұлттық көркемдік-образдық жүйесін қалыптастыру жолдары дамып келе жатқан кездері, Қазақстан мүсіншілері жергілікті міндеттер көбірек қоя бастайды — оларға бүгінгі адам және өздерінің субъективтік мақсаттарын іске асыру үшін көркемдік-пластикалық құрал-саймандардың мүмкіндіктері қызықты бола түседі.

Көптеген авторларды көркем-пластикалық мәнерлілігінің жаңа құралдарын іздеу жолындағы ұлттық бірегейлік идеясынан гөрі, мүсіннің көркем тілін дамытудағы инновациялық әдістері қызықтыратын. Суретшілер өздерін уақыт талаптарына сай жұмыс істейтін жаңашылдары, олар үшін тарихи дәстүр мақсат болып табылмайтын экспериментші боп сезінді, дұрысы, бұл кейде нақты, кейде жанама түрде жаңа пластикалық концептерді жасаудағы тұрақтылық беретін іргетас. Жаңа көркем нысандарын іздеу өзінің жеке шығармашылық идеясын іске асыру мүмкіндігінен гөрі, заманға сай, жалпы көркемдік стиль қалыптастыратын суретшілер буыны атынан әрекет жасау — нақты міндеттерді шешу мүмкіндігіне айналады.

Осы кезеңнің көрнекті мүсіншілерінің бірі Вагиф Юсуфоглы Рахманов болды, оның шығармашылық жолы 1964 жылы басталды. Ол 1940 жылы 12 наурызда Мардакан әзірбайжан кентінде дүниеге келген. Болашақ мүсінші он балалы үлкен өнерлі отбасында өсті, әкесі Юсуф Саттароглы Рахманов зергер, анасы Хадиша Субханқызы шебер адам болған. Вагифтың әкесін 1941 жылы НКВД тұтқынға алады, Хадиша Баку қаласынан 32 км жерде колхозда жұмыс істеп, балаларын жалғыз өзі өсіріп жеткізді. Суретші естелігінен: "Соғыс жүріп жатты, ашаршылық. Ағаларым оқуда. Анам көрші колхозға жұмысқа ерте кетіп, кешке шөптер мен жуаға толы жастық тысын арқалап келетін. Кешке жейтіміз 100 грамм дымқыл қара нан, жеуге жарамды шөптерден жасалған ботқа, шалғам сабағы... Тек 1949 жылы мен алғаш рет ақ нанның дәмін татып көрдім..." Мектепте балалар кішкентай Вагифты халық жауының баласы деп ұрып соғатын. Жетінші сыныпты бітіргеннен кейін ол мектептен

кетеді де А.Азимзаде атындағы көркемсурет училищесіне оқуға түседі. Кішкентай кезінен-ақ Вагиф мүсіндеу ісін ермек қылды, үлкен әпкесі Ханымның күйеуі — атақты әзірбайжан мүсіншісі Абдурахманов Фуад үйге пластилин кесектерін әкеліп, оны кәсіби мүсіндеу тәсілдеріне үйрететін. Училищені бітіргеннен кейін Вагиф құжаттарын Баку теңіз училищесіне тапсырады, бірақ оны халық жауының баласы деп қабылдамайды.

1959 жылы, Сталиннен кейінгі уақытта, Рахманов Мәскеуге кетіп Суриков атындағы көркемсурет институтына мүсін факультетіне оқуға түседі. Оқу кезінде ол үйленеді, институтты қызыл дипломмен бітіріп 1965 жылы жұбайымен бірге оның отаны - Қазақстанға келеді. Өзінің шеберханасы болмағандықтан жеті жылға жуық Рахманов гаражда жұмыс істейді, республикалық және бүкілодақтық көрмелерге белсенді түрде қатысып, бір жылдан соң ол КСРО Суретшілер Одағына қабылданады. Кеңестік уақытта өзекті және сұранысқа ие жанр мүсіндік монумент пен ескерткіш болатын, ал Рахмановтың камералық шығармалары бұл талаптарға сай келмейтін. Суретші естелігінен: "Институтты бітіргеннен кейін бірнеше жыл өткен соң, егер мен республикаға арналған монументалды мүсіндерге тапсырыс беретін мәдениет министрлігіне немесе Алматы қалалық билік өкіметіне үміт артатын болсам ешқашан мүсінші ретінде қалыптасып танылмайтынымды түсіндім. Шығармашылықтағы өз жолымды іздеу керек болды. Оның үстіне ескерткіштер негізінен марксизм–ленинизмге арналып тұрғызылатын және олар партияның ОК қалт еткізбейтін бақылауымен тек мүсінші-академиктерге тапсырыс берілетін. Мен ойландым - Өз идеяларымды қалай жүзеге асыруға болады?.." Бейнелеу өнері туралы журналдардың бірінен Рахманов Еуропада өткізілетін халықаралық мүсін симпозиумдары туралы оқып біледі, және содан бастап осындай шығармашылық шараларға қатысуды армандайды. Жыл сайын Вагиф Бакуге барып әктастың үлкен фрагменттерін әкеледі де осындай жобаға дайындық жасай бастайды. 1972 жылы Қазақстан Суретшілер Одағы Рахмановты Польшаға (Оронск қ.) халықаралық мүсіндер симпозиумына жібереді. Келесі жылдары ол Венгрия, Қырғызстан, Болгария, Қытай және Мавритания елдерінде өткен симпозиумдарға қатысады. Суретші осы қызу шығармашылық күндерді, суретшілермен кездесу сәттерін жылы сезіммен еске алады. Болгарияда ол ирландиялық мүсінші Дерекком Фицсаймонспен танысады. Тілдік кедергіге қарамастан, олардың достығы, өзара шығармашылық ізденістерін байыта отырып, көптеген жылдар бойы жалғасады. Вагиф Рахмановтың ертеде орындалған туындылары анық классикалық стильге бейімділікпен жасалған, ол кезде пластикалық көлем кеңістікте бекітілген, ол онымен диалогқа немесе, оған қоса, қарама-қайшылыққа кірмейді, сондықтан сол кездегі мүсін жұмыстарында ондай стильді іс жүзінде кездестіру мүмкін емес болатын. Ә. Қастеев атындағы ҚР МӨМ қорларындағы мүсіншінің ертеректегі жұмыстарының бірі "Мәңгі" композициясында (1965) орындықта отырған ғашықтар бейнеленген. Бір-біріне тақалып отырған қыз бен жігіттің геометриялық сызылған фигураларының ықшамды қарапайымдылығы, туындының басты мақсаты — жеке образдар емес, махаббат символын, "формуласын" құруға зейін қоя отырып, тұтастай

алғанда композицияның романтикалық көңіл-күйін төмендетпейді, керісінше күшейте түседі. 1970 жылы мүсінші "Шығыс әуені" (Шамот) тақырыбына арналған екі жұмысын ұсынады. Бірінші композиция екі бөліктен тұрады: бұл үстеріндегі ұлттық киімдері тұлғаларын бастан аяқ жапқан үш әйел, оның екеуі бастарының төбесінде қыш құмыралар ұстаған; алда тұрған, бойы аласырақ әйелдің қолында жөргекке оралған сәби бар, суреттің басқа бөлігінде баласымен әйел – олардың киім-кешекпен тұтастай бүркеген сұлбалары мәңгілік ана сезімінің заңдылығына бағынған, табиғаттың тәртібіне сәйкес ажырамас символ ретінде қабылданады. Мұнда оның құру заңдары мүсіншілер үшін академиялық білім беру процесінің басты мақсаты болып табылатын, классикалық пластикаға тән көлем тұрақтылығының тура сондай қағидаты әрекет жасайды. Сол атаумен, бірақ қоладан құйылған екінші жұмысында, пластикалық тұжырымдамасы түбегейлі өзгереді. Композиция шығысқа тән киім киген, бастарында жүгі бар үш әйелдің сұлбасынан құрылған. Бірақ мұнда іс жүзінде көлем жоқ: сұлбалар ауамен және кеңістікпен толтырылған пластикалық бейнелердің қабықшасы тәрізді, соның арқасында көлемдер ойша жорамалданады, ал пластикалық тілдің материалдылық мәнерлілігін қабылдау өткірлігі күшейе түседі. Мұндай тәсіл кеңістік пен пішіннің арақатынасы мәселелерін түсінуде жаңа қадам болып табылады. Мұнда пластикалық көлем, ішіне кеңістік пен ауаны жұтып, ішкі материалдық толықтығын жоғалтады. Алайда, бұл эксперимент В. Рахмановтың шығармашылығы үшін айқындалушы болмады. Бұдан былай мүсінші, «портреттік бастар» мен фигуралы композициялар жасай отырып, қайтадан пластикалық массаны бекіту тұжырымдамасына жүгінеді. Соңғы жұмыстарында жалғыз адамдық бейнелері басым, мұнда автордың назары оларды тақырыптық мақсатта құруға тоқталады — "Демалыс" (1972), "Бұрғышы" (1973), "Ойға шому" (1976). 1972 жылы Вагиф Рахманов Алматы қаласының вокзал алаңында М. Калининге ескерткіш орнатады. Бұл барлық параметрлері бойынша социалистік реализмнің өлшемдеріне сай мүсіндік монумент болды. Толық және анық бейнешілдігімен қатар онда ресми идеологиямен белгіленген ерекшеліктер көрініс тапқан. Қазір бұл мүсін Алматыда Сары Арқа кинотеатрының артындағы мүсіндер саябағында тұр. 1970-ші жылдардың соңында Рахманов нысанды кеңістікте дамыту проблемасына қайта оралады, енді оны нысандардың ортамен байланысынан гөрі, мазмұнды образды қалыптастыру үшін үлкен мүмкіндіктер беретін композициялық тәсілдер қызықтырады. "Ана үйі" (1979) композициясында ошақ үстінен иіліп, шығыс дәстүріне тән кейіпте тұрған әйел тұлғасы жеңіл геометриялық конструкциямен белгіленген шартты интерьерде суреттелген. Мұнда кеңістік, тұйықталған интерьердің елесін жасай отырып, композициялық шешімге барынша қатыстырылған, нақты айтқанда сюжеттің реалистік шешімі сонысымен айқындалады. Рахмановтың "Кеткен" (1979) композициясындағы пластикалық нысанның әзірлену тәсілі қызығушылық тудырады, онда ол өзінің бұрын пайдаланып жүрген "қабықтар" идеясына оралады. Адам денесінің "қабығы" екі бөлікке бөлінген: алдыңғы бөлігі артқысынан ажырап, алға қадам жасауға дайын, алайда, бұған жатқан фигураның әзірше ортақ артқы аяқтары кедергі жасап тұрғандай. Фигураның

өзі енді "пайдаланылған материал" болып қалды, ал оның «қабығының» алдыңғы бөлігі — бұл өзінің өткенінен ажырап, жаңа болашаққа қадам жасауға дайын тұрған адамзат энергетикасының бейнесі. Мұндай композициялық шешімде көрсетілген күрделі эзотерикалық астары, діріл қаққан пластикалық нысандарды «нервоздық» мүсіндеу арқылы және метал бетінің фактуралық пысықтаумен жасалған сәуле мен көлеңкенің әр алуан реңктерімен күшейе түседі. 1987 жылы Рахманов өзінің шығармашылығын, ол кезде қазақстандық артсханаларының шығармашылығына енді ғана еніп келе жатқан contemporary art идеяларына тығыз жақындатқан жұмыс орындайды. "Жады" атты (1987) композициясының пластикалық-бейнелілік шешімі айтарлықтай қарапайым: металлдың (үстел символы) жалпақ бетінің жиектерінде қолдың алақандары — баланың, қол ұстасқан ер мен әйелдің және өмір сызығының іздері көрінген «қартамыс» екі ашық алақан орналастырылған. Осылайша бір отбасының үш буын ұрпағы, сондай-ақ өткенді, бүгінді және болашақты біріктіретін уақыт қозғалысының процессі бейнеленген. Бұл жерде бейнелеу элементтерінің шынайылығын атап өту қажет – бүкіл адамдардың қолдарының көшірмесі деген әсер қалдырады, бірақ бұл да авторлық идеяның бір бөлігі болуы да мүмкін. Шығарманың мессиджі айтарлықтай түсінікті және оңай оқылады. Осындай жұмыстың көп жағдайларда соцреализм үрдістерін әлі де сақтаған көрмелерде пайда болуының өзі сол кезде ерекше оқиға болып қабылданды. Формализмге мін тағу қиын, әйтсе де идеологиялық қарпудың күші де бәсеңдей бастады. Сонымен қатар, негізгі мазмұнынан бөлек идеяның қарапайым мағынасымен, тұжырымдамалық негіздемелер сөзсіз басым: суретшілер жаңаша ойлап және сол ойларын жаңаша жеткізуге тырысады. Көрермендерде қызығушылық туды, өйткені пластикалық шешімнің ерекшелігі классикалық өнердің мызғымас қағидалары туралы ұғымдарды бұзды. Пластикалық тілді дамытудағы инновациялық тәсілдер бұл кезеңнің мүсінін дамытудың ерекшелігіне айналды. Бірақ бұл ретте, мүсінде, кескіндемеде белсенді түрде дамып келе жатқан ұлттық ұқсастықты іздеу жүйелі түрге айналған жоқ. Шын мәнінде, қазіргі заманғы пластикалық көркем құралдарын игеруде алғашқы қадамдар жасап келе жатқан Қазақстан мүсіні үшін, авторлық позицияларды барынша жеткізу үшін оның барлық алуан түрін игеру маңызды болды. Кейінгі жылдары мүсінші бірнеше рет адам денесінің фрагменттік бөлшектерінен жасалған, біртұтас образға шебер қалыптасатын композицияларға оралады. Көзге көрінбес персонаждардың қол және аяқтарын жүйеге келтіру арқылы орындалған көрнекті композициялар сериясы түрлі адам эмоцияларын көрсетеді – "Соңғы тамшы" (1991), "Намаз" (1993), "Сәлемдесу" (2005). "Кездесу" (2005) атты туындысында ер мен әйелдің аяғы гранит кубының шетінде аяқтырының ұшымен ғана тұр. Бұл тұрақсыз сәт, шыңырау шетінде баланстау, қорқыныш



*Медитация 3.2006
Бронза. 36x14x14*

сезімін тудырады, беймәлімділікке сөзсіз құлау және, сонымен қатар, бір мезгілде, өмірге құмарту сезімі оянады, сақтану түйсігі жұмыс істей бастайды.

1990–2000-шы жылдары Қазақстан өнер үшін жеңіл кезең болған жоқ, өйткені мәдениетті қолдаудың кеңес жүйесі құрылды, ал бұл тұрғыда жаңа ұсыныстар әлі күнге дейін өндірілген жоқ. Суретшілер өз проблемаларымен оңаша қалды, шығармашылығын дамыту үшін әркім өз бетінше жол іздеді. Көркемдік кеңестердің жоқтығы, ортақ көрмелердің болмауы, көркемсурет мектебін қалыптастырудың бастапқы кезеңдерінде маңызды "инкубациялық рөл" атқарған жалпы шығармашылық ұжымдастыру, күрт дараландыруға, тіпті өмірдің және суретші шығармашылығының тұйықтығына орын берді. Бұл оңай емес уақытта Рахманов отбасымен бірге Канадаға кетіп, үй жалдап тұрады. Вагифты үрей билейді, өйткені, мұның бәріне ақы төлеп, күтіп ұстау керек қой. Орнығып үлгермей жатып, ол мүсіндерді қаптап әкелген ағаш жәшіктердің қалдықтарынан "Белгісіз" (1999) деген композиция жинайды. Әйелдің кеуде мүсініне бас және дененің басқа бөліктерінің орнына автор сонау Қазақстанда құйылған қола "тастар" қояды, ағаштарын түрлі-түсті акрилмен бояйды. Мүсінде түсті пайдалану қиын, ол көп жағдайда көлемді бұзады, әсемдік сезімді жойып, натурализмге әкеледі. Бірақ Рахмановта түс композицияға үйлесімді енеді, пішінді анық көрсетеді, ағаштың жылулығын сезіндіреді. Қола бөлшектері жекелеген өсімдік сегменттерімен безендірілген және күрделі мүсіндік композиция болып қалыптатырылған. Бір кезде, сонау Алматыда жүрген кездерінде мүсінші осы әдемі тастардан, оларды сарылдап ағып жатқан өзеннің бойындағы шын тастардың арасына шашып тастап, перформанс жүргізген. Енді олар, әлемнің басқа түкпіріндегі тау өзенінің салқындығын сақтай отырып, басқа инсталляция жасауға іске асты.

Кейінірек Рахманов, тас пен металды қатар қолдана отырып, "Ғашықтар" (1995) атты жаңа мүсін жасайды, бұл туыныдысында оның кез келген мүсіндік материалдың пластикалық мүмкіндіктерінің спецификасын сезіну шеберлігі көрінеді. В. Рахмановтың шығармалары айшықты лирикалық интонацияға ие. Суреттеу құралдарын іріктеу аналық, нәзіктік, балалық, ересектік шақ тақырыптарын сенімді түрде жүзеге асыруға көмектеседі. "Отырған кішкентай" (1997) композициясы балалық шақты еске түсіруден туындаған бейне. Соғыстан кейінгі уақыт, теледидар жоқ, ауыр жұмыс күнінен кейін ауыл әйелдері, үстеріне барлық ең әдемі киімдерін киіп алып, соңғы жаңалықтарды білу үшін жиналып, шай ішкенді ұнататын. Бұл шығармада мүсінші ескі дәстүрлерді сақтаудың көркемдік жолы мен шығыс әйелдерінің келбетінің стильдік шешімдерінің жаңа тәсілдерін табады. Ол өткен мен бүгінгі байланыстыруға тырысады, және осы әрекеті заманауи форматтағы Шығыс ділінің тамырын нығайту болып табылады. Әйел фигурасының пластикасында әйел денесінің сұлулығы байқалады, оның күрделі терең ішкі әлемінің түрлі эмоциялық реңктері көрсетіледі, мұнда мұң, қуаныш, шығыс әйелдерінің мінезіне тән мойынсұну табуға болады. Бұл композицияның бірінші нұсқасы Канадада жасалған болатын. Мұнда мүсінші жұмысын материалға аудару проблемасына тап болады, бұл суретшінің жағдайы көтермейтін едәуір қаражат қажет етеді. Рахманов хабарландыру арқылы

университет жанынан қоладан құюға үйрететін арзан курс табады. "Түк білмейтін болып көрінуге және құю технологиялары туралы дәрісті тыңдауға тура келді", – деп күлімсірейді суретші. Меңгерген сабақты орындау үшін тиесілі 150 грамм балауызды алып ол үйіне кетеді, келесі күні құюдың барлық ережесіне сай орындалған шағын мүсінді әкеледі. Профессор таңдана қарап: "Сіз кәсіпқойсыз ба?" деп сұрайды. Кейінірек бұл жұмысты Израильдің белгілі коллекционері сатып алады.

Ол да Канада орындалған "Үш көз" (1999) композициясында мүсіншінің сезімтал пластикалық интуициясы айқын көрінеді. Оның мүсіні пропорцияларының мінсіздігімен, мұқияттылығымен, үйлесімділігімен ерекшеленеді. Ер және әйел адамның бет әлпетінің жұмсақ және тұзу контурлары бір күйден келесіге бірқалыпты ауысып отырады. Композицияның негізінде бізді бір-бірімізбен қандай да болсын жағдайлар тығыз байланыстырғанымен, біз ешқашан бір-бірімізді шындап білуіміз мүмкін емес, деген ой жатыр.

2000-шы жылдары Рахманов үшін мүсіннің негізгі эмоциялық құрамдастары тыныштық, үйлесімділік, айбындылық күйі болып табылады, түрлі материалдардың синтезіндегі декоративтік тәсілдерінің образдық тиімділігіне, түстерді белсенді түрде пайдалануға оның қызығушылығы күшейе түседі. Мүсіншінің сүйікті тәсілдерінің бірі — бір шығармада қола, тас, шыны, ағаш сияқты бірнеше материалдарды үйлестіру.

Бірде суретші көшеден түсті бөтелкенің әдемі сынығын тауып алады, шеберханасына әкеліп, оның формасына, құбылмалы реңктеріне сүйсіне, ұзақ уақыт қарап отырады. Осыдан кейін ол шыны жинай бастайды, үйге әкеп, алуан түрлі кішкентай мүсіндер жасаумен айналысады. Өзі айтқандай: «Кейде ойыңды барлық дүниеден үзіп, философиямен шұғылданып, қиялға шому өте қажет-ақ. Осындай күйде ойымда болашақ композиция туралы идеялар туындайды, оларды жадында сақтап қалғың келеді, сосын сол ойың туындыға жалғасады». Осы "mix" техникада орындалған алғашқы жұмыстарының бірі қыздың бейнесі бейнеленген "Қалыңдық" (2003) туындысы болды. Ақ шыны баяу металл пішінге ауысады, оның ішінде ағаш өсіп келеді. Бұл мүсін реалистіктен гөрі, мағынасыз деуге болады, бұл өзіңмен өзің оңашада медитациялық ойға шақыратын көркем пластикалық символикалық бейне. Мүсінші өз жұмыстарының маңызды құрамдасы болып табылатын жарықтандыруға үлкен мән береді. Жарық шыны арасымен сәулеленіп, алтындатылған қола бойымен сорғалайды, тәулік уақытына байланысты өзгеріп, руханият және шабыт "шырағымен" ассоциацияланады. Көп жағдайда бұл түрлі-түсті шыныны пайдалану арқылы іске асырылады. Шыныға деген осындай "сүйіспеншілік" генетикаға байланысты болуы әбден мүмкін, өйткені Рахмановтың атасы кезінде белгілі витражист болған адам.

Рахмановтың соңғы жылдарғы жұмыстарының тақырыптық бағыты әр түрлі. "Грифондағы салт атты" (2003) композицияда жартастағы суреттер жаңғырығы байқалады. Сол жылы-ақ "Екі құс" мүсіндік композициясы дүниеге келеді – сюжеті, автордың өзі талай рет байқаған, нақты өмірден алынған. Құстардың бейнелері – суретшінің сүйікті тақырыбы, оның көптеген



*Вчера, сегодня
и завтра. 2011
Дерево, акрил. 245x100x30*

На севере площадку ограничивает девятиметровая стенка из шести тщательно обработанных камней разнообразной формы и высоты (от 80 до 135 см) (фото 4). Центральный камень этого «забора» напоминает небольшой менгир и является визиром, указывающим направление на Полярную звезду. Звёздное небо прекрасно, но люди в больших городах почти не видят звёзд. Наблюдать точки восхода и захода солнца нам также ни к чему. Здесь же с помощью природных и рукотворных объектов круговой панорамы древний человек привязал самое неуловимое – время.

На этих холмах с тебя быстро облетает вся шелуха цивилизации. Сначала



Фото 4

чувствуешь особенный запах полынки (джусана) – невзрачной мелкой бело-зелёной травы, которая чем-то отличается от полыни и считается у местных чабанов и лекарей целебной. Потом, в ходе экскурсии, взрослые и дети постепенно забывают про свои смартфоны, привычку превращать любой выход на природу в фотосессию, потом начинают всматриваться в камни, искать петроглифы, потом обращают внимание на солнце, поражаются работающему с незапамятных времен каменному Хронографу. Открытие его – заслуга краеведа Н.Д. Топольняка.

Однажды он заметил, что световое пятно – солнечный зайчик, который появляется из расщелины при закате солнца, бежит точно по вершинам каменной стенки в дни равноденствий (22 марта и 22 сентября). На противоположной восточной стороне, у подножия горы Коржимбай обнаружили настоящую шкалу в виде каменной ступеньки с выбоинами. Крайний правый её выступ соответствует точке исчезновения закатного солнечного зайчика в самый длинный день в году – 22 июня. В течение года поочередно работают три щели на останце. Каждый день при заходе солнца, в ясную погоду наблюдался этот театр теней. На каменной ступеньке можно отметить любой значимый день в году. Зимняя часть шкалы сейчас укрыта слоем почвы, а летняя видна достаточно хорошо. Солнце, как привязанное, движется вдоль этой линейки. Каменный Хронограф без усталости отсчитывает время, а стена разделяет Тепло и Холод, Лето и Зиму, Добро и Зло, Жизнь и Смерть.

Вершина горы Коржимбай также тщательно подработана. На её склоне сохранилось каменное кресло наблюдателя звёздного неба. Николай Топольняк нашёл в Ак-Бауре множество объектов, подтверждающих его теорию о том, что здесь была своеобразная обсерватория. Его датировка Ак-Баура опрокидывает наше сознание в такие бездны прошлого, о которых официальная наука и говорить-то стесняется. Идеи этого человека заразительны. Когда видишь скальные склоны, рассечённые по прямой каким-то неведомым лазером, гранитные плоские камни, порезанные ровненько и секторально, как торт, – поневоле начинаешь думать о «высоких технологиях» некоего «белого братства древних каменщиков».

Подобные Ак-Бауру «Сады камней», разбросанные по всему миру, появились, как будто, в одном проекте. Они несут протознания не только утилитарного, охотничьего, но и космогонического, мировоззренческого характера.

Ак-Баур любит тишину, а человек с мольбертом лучше всего соответствуют окружающему пейзажу. Первые «плёнэры» состоялись здесь не менее двух тысяч лет назад. Петроглифы на скалах с изображением лошадей, оленей, наскальная живопись в Гроте выполнены древними художниками, а для них

творчество было не развлечением, но жизненной необходимостью. Наш музей неоднократно проводил пленэры в Ак-Бауре. Именно художники обратили внимание на неоднократно повторяющийся на скалах знак – «след стопы и сопровождающий его круг солнца». Стопа человека, как вектор, указывает направление движения. Иногда солярный значок находится позади следа, иногда перед ним. Размеры каменной ступни тоже разные: от великаньих до младенческих. Следок-ступня младенца указывает направление с запада на восток через узкое отверстие в скале. Круг – солнечный значок, находится, естественно, перед ним, как указатель того, что у человека-малыша впереди много дней.

Далее мы следуем в Грот, расположенный на юго-восточном склоне горы Коржимбай. Длина его – около 9 м, максимальная ширина – 4 м. Здесь сохранились рисунки, выполненные охрой. Какие-то горе-исследователи, чтобы калькировать их, обработали стенку химическими составами, поэтому почти все рисунки имеют сейчас синеватый оттенок (фото 5). Возможно, там изображена карта звёздного неба, возможно, – всё, что просил у Всевышнего первобытный охотник. Жилища в виде островерхих шалашей, антропоморфные фигурки можно рассматривать часами. Выделяется очень стилизованное, прямо-таки авангардное изображение поверженного горного козла, рисунок колесницы при виде сверху. Учителя черчения приходят в восторг от этого древнейшего чертежа. Рядом с Гротом имеется хорошо оборудованная площадка, где собирался народ. Сохранились каменные кресла правителей, большой плоский, камень неясного назначения, поставленный перед аудиторией вертикально, как каменное зеркало или экран. Жутковатое ощущение вызывает скульптура, напоминающая череп архара в виде камня на постаменте с просверленным в глазницах круглым отверстием. Рядом – скала с идеально обработанным арочным входом в небольшую пещерку. Перед Гротом – очень характерная для здешних мест малая архитектурная форма – каменный треножник. Этнографы называют его жертвенником, а местное население приносит сюда курбан-айтовского барашка.



Фото 5

Время читать камни

Что думать об этом нам, не научившимся понимать даже современников? Может быть, смириться, что последний камень сада Рёкамон не виден никогда. Он, как электрон, то появляется, то исчезает. И в этом вся прелесть.

Но эти камни – носители важной для людей информации. Наши далёкие предки надеялись, что она будет прочитана будущими поколениями с благодарностью. Может быть, поэтому надо сохранить всякие книги – бумажные, каменные и электронные, ведь преемственность, память, как спираль ДНК, – главное

дело для Живого в этом мире. Иначе всё теряет смысл.

Как ни далека от нас та, первобытная жизнь, – мы наследники её каменной культуры. Когда видишь голубой купол мечети, соперничающий своей лазурью с тенгрианским Небом, когда режешь пасхальный кулич, нелишне вспомнить: все это – в какой-то мере, наследие тех, кто впервые взглянул на звезды и постарался договориться с ними.

Любой историк красочно и наглядно представит любому искусствоведа, как скукожилось пространство уже с появлением скифов, которые за полвека до Рождества Христова начали компанию расселения от Алтая до Карпат. Спустя тысячелетие не менее бесстрашные и динамичные тюрки прошли, проскакали от Монголии до Венгрии и поставили каменных баб с чашами. Энергетика этих народов питалась искренней верой в воскрешение и продолжение жизни в том же человеческом образе. Тенгрианцы, освоили немислимые земные пространства, по-своему объяснили, приняли и гордо преодолели невыносимую дискретность бытия. «Пройдешь через сон и очнёшься, как сурок и трава, (если ты сын земли), как солнце – если ты сын Неба». В колодцах времени еще просвечивают их герои и логика их поступков.

Но страна городов на Южном Урале, в том числе и знаменитый Аркаим, датируемый эпохой средней бронзы (рубежа III—II тыс. до н. э.), мегалиты Стоунхенджа, наш Ак-Баур – это совсем другое дно, другая история. Археологи определяют время создания подобных объектов переходным периодом от каменного века к эпохе бронзы. Сейчас ставить перед собой задачу – объяснить назначение таких памятников – просто немисливо. Сейчас время собирать камни, чтобы только выявить общие закономерности.

Слишком быстро мелькают восходы и закаты. Слишком коротка индивидуальная память. Быстроногий олень – нелёгкая добыча. Годы уходят на то, чтобы узнать все его повадки. Годы и годы необходимы для того, чтобы сконструировать каменный дротик и стрелы, которые летят точно в цель, как наши ракеты.

Кто и когда впервые преодолел свой смертный эгоизм? В данном случае не важно, был ли это очередной глиняный (т.е собранный из элементов неживой материи) клон Всевышнего или некрасивый неандерталец, эволюционирующий по Дарвину. Главное, что следы деятельности этих благородных господ, осознавших краткость мига «между прошлым и будущим», мы находим повсеместно. Кто придумал такой способ передачи знания через самую неизбежную и абсолютную таможенную смерть? Каким был шифр, какими знаками и страницы? Они, наши непричесанные и невоспитанные предшественники, уходили в страну вечной тишины и несли с собой свой камень за пазухой с посланием к потомкам. Это удивительно! Все наши проповеди о любви к ближнему сравнимы ли с подобным поступком?

Они искали способ передачи знаний для тех, кто будет **после них**.

Говорить о таких вещах всегда нелегко. Хочется убежать от всякой эзотерики и мистики. Звать мировую археологическую общественность и глубоко копать древние могильники тоже не хочется. Мы показываем этот памятник, как свидетельство иной, давно ушедшей цивилизации,

существовавшей задолго до появления письменности и бога Аполлона вместе со всеми его музами.

Список литературы

1. Ак-Баур – древнее святилище на Западном Алтае (факты, наблюдения и объяснения). Под общей редакцией доктора культурологии Л.С. Марсадолова. Усть-Каменогорск, 2007.
2. Байназарова Г. Священная тюркская страна. Алматы, Изд-во «Өнер», 1994.
3. Куликова Е.Н., Недосекова И.Ю. Акбаур – природно-исторический комплекс Восточного Казахстана. Монография. Усть-Каменогорск, 2014.
4. Сейдахмет Куттыкадам. Дао Алтая. Алматы, Статья в республиканском общественно-политическом журнале «Мысль», № 3, 2017.
5. Курдаков Е.В. Ак-Баур. Тайны и открытия. Усть-Каменогорск, 2008.
6. Кют Е. Древние люди. Ростов на Дону: Феникс, 2007.
7. Александр Генис. Картинки с выставки. Москва, «Издательство АСТ», 2017.

**Еңсебаева Шынар Мұратбекқызы
Экспозициялық көрме
секторының маманы
Шығыс Қазақстан өнер музейі
Қазақстан, Өскемен қаласы**

ЗАМАНАУИ МУЗЕЙ ЕРЕКШЕЛІГІ (МУЗЕЙТАНУ БАҒЫТЫ)

Мақалада заманауи музей -бұрынғы қалтын сақтай отырып, ХХІ ғасырға сай өзгерген музей. Жаңғырған қоғамның тамыры тарихының тереңінен бастау алатын рухани коды болады. Рухани жаңғырудың ең басты шарты - ұлттық кодты қолдана әлемге кеңінен танылу. Заманауи музей білім, коммуникация, мәдени ақпарат алумен қатар шығармашылық иновациялардың орталығына айналуы әбден.

Шығыс Қазақстан өнер музейі 1 шілде 1990 жылы ашылған. ХІХ ғасырдың соңындағы сәулет ескерткіші болып табылатын ғимаратта орналасқан. Өнер музейінің ашылуына 18.02.1991 жылғы ҚазСРО мәдениет жөніндегі Мемлекеттік Комитеттің шешімімен облыстық этнографиялық музейден берілген 90-нан астам кескіндеме және графикалық жұмыстар негіздеме болды. Музей қызметінің бағыттары – Шығыс Қазақстанның мәдени мұрасын пластикалық өнер, әдебиет және музыка бағыттары бойынша зерттеу және көпшілікке тарату]. Өнер музейінің жұмысы үш бағытта : әдебиет, музыка, көркем сурет. Өңірдің «кескіндеме» тарихы ХХ ғасырдың екінші жартысынан басталды. [5] Өнер музейіміз- өскемендіктер мен қала қонақтарының рухани өмірінің ең бір маңызды орталықтарының бірі. ТМД мен Қазақстанның көркемөнер музейлер қатарында ол бірегей сипатымен ерекшеленеді, өйткені өнердің үш: бейнелеу, әдебиет, және музыка бағыты бойынша жұмыс істейді.

Музей (грек тілінде museion – муза сарайы) – тарихи-ғылыми дерек ретіндегі ескерткіштерді, өнер туындыларын, мәдени құндылықтарды, т.б. мұраларды сақтап, жинақтап, ғылыми-танымдық қызмет атқаратын мекеме [2]екені баршаға мәлім. Музей заттық және рухани құндылықтарды танытуда, ғылыми тұрғыда зерттеп, оның нәтижелерін насихаттауда, осы негізде тәлім-тәрбие беруде маңызды рөл атқаруымен қатар ғылым, білім, мәдениет қалыптасуына ықпал ететін мекеме ретінде өскелең ұрпақтың тәрбиесіне, тарихи сананың қалыптасуына ықпал етеді. Музейлердің ағартушылық ісі экскурсия, дәріс жүргізуден көрінеді. Музей ісі – ғылымның, білім беру ісінің маңызды бір саласы болғандықтан, музейлік коммуникация және экскурсия қызметімен музейге келушілерді көптеп тарту үшін біршама іс-шаралар қолға алынып, жұмыстың жүйелі жүргізілуіне баса назар аударылған.

Шығыс Қазақстан өнер музейіне ағымдағы жылдың 1 мамырынан

балалар үйінің тәрбиеленушілері, мүгедектер, солдаттар, оқушыларға, ал әр айдың бірінші жексенбісінде барлық келушілерге қызмет көрсету тегін. Оқушыларға арналған музейде өткізілетін дәріс пен сабақтар да тегін. «Рухани жаңғыру» бағдарламасын орындауда музейдің «ART ЗАМАН» жобасы негізінде ұйымдастырылған «Бейнелеу өнері» студиясының жұмысы да өнер сүйер қауымды көптеп тартуға өз себтігін тигізуде.

Қазіргі өскелең жастарды қоғам және мемлекет қайраткерлерінің тағылымы, өмір жолдары негізінде тәрбиелеу – жастарға патриоттық тәрбие берудің бір саласы болып табылады. Әдеби-музыка залында қазақ халық музыка аспаптарының «Жер жаңғырығы» атты тұрақты әрекеттегі көрмесі жұмыс істейді. Көрменің мақсаты – Шығыс Қазақстан музыка аспаптарының пайда болуын, қалыптасуын және дамуын көрсету, келушілерді өңіріміздің музыка аспаптарының өзіндік дамуымен таныстыру. Зал өңірлік ақын, жазушы, музыкант, қылқалам шеберлерінің туындыларын насихаттап, кеңінен танытуға бағытталған.

Музейдің арт салонында облыс суретшілерінің туындыларын насихаттап, сату арқылы, келушілерді, соның ішінде шетел туристерін тарту жұмысы жалғасын табуда. Мысалы: тамыз айында ҚХР азаматтарына-7, АҚШ отбасына-1 туынды сатылды. Бұның өзі өңірлік суретшілер жұмысының шетел азаматтарының жеке коллекциясында болуы және шығармашылығының бағалануы болып табылады. Қазақстанның жері тірі табиғаттың да, өлі табиғаттың да көркем көріністеріне, тарих пен мәдениет ескерткіштеріне бай, соған қарамастан, туризм тұрғысынан алғанда, шетелдік азаматтар үшін де, республикамыздың көпшілік тұрғындары үшін де кең танылмаған күйінде қалып отыр. [3]

Қазақстанның музейлерін дамыту мен қалыптастыру ісінде қазіргі заман талабына сай сын көтермейтін де мәселелер баршылық. Қазақстандық музейлерге туристерді тарту ісі мүлдем жоқтың қасы деуге болады. Электронды саяхатын жүзеге асыру мақсатында инновациялық қадамдар жасалмаған. Музейлердің электронды аудиогидтерін, электронды саяхатты жүзеге асыра алатын электронды жолсеріктермен қамтамасыз етуге ұсыныстар енгізілді. Виртуальды музейлерге саяхатқа шығу арқылы визуальды турист болуға болады. Бұл ХХІ ғасыр мұражайлары жолға қойып отырған инновациялық қадам. Осындай іс-шараларды кешенді іске асырған жағдайда, қазақстандық музейлер, әлемдегі музейлер кеңістігі қатарына енетіні сөзсіз. Әлемдік музейлер кеңістігіндегі қазіргі мәселелер. Экспозициялар мен көрмелер негізінде шолу және тақырыптама экскурсиялары, консультация, дәріс, кездесу кештері, салтанатты салт-жоралар арқылы музей ағартушы және білімдену жұмысын жүргізеді. Экскурсиялардың экскурсия-әңгіме, экскурсия-сабақ, театрланған экскурсиялар сияқты және басқа да жанрлары таралған. Келушілер білімнің даму жолын құжаттар мен суреттер және басқа да материалдар арқылы көрнекі түрде бақылау мүмкіндігіне ие.

Отандық кескіндеме шеберлерінің шоқжұлдызында лайықты орын алған Шығыс Қазақстанның суретшілері: Марат Жүнісов, Леонид Агейкин, Валерий Рапопорт, Николай Аштема, Габдулмади Меркасимов, Қайсан

Қадырбеков, Марат Смаилов, Болат Исин, Виктор Шмидт. Қоғам мен мәдениетте болып жатқан түбегейлі өзгерістерді көрсету арқылы, музейдегі өзгерістер қазіргі кездегі шындықтың көрінісі болып табылады. Музей қызметінің қазіргі таңда әлеуметтік-мәдени маңызы арта түсуде, мәдени мұраларды сақтау әрі оларды көпшілікке түсіндірудегі, әлеуметтік бейімделу мен мәдени біртектілендірудің күрделі үрдісіндегі, бос уақытты ұйымдастырудағы рөлі арта түсуде. Заманауи музей білім, коммуникация, мәдени ақпарат алумен қатар шығармашылық инновациялардың орталығына айналуы әбден.

Қазіргі заманғы әлеуметтік-мәдени ахуалдар музейдің өзіндік жол іздеулерін, жаңа білімге ұмтылу, жаңа ойлар, рухани құндылықтарды пайдалануға итермелейді. Қоғамдық сананың қол жеткізген деңгейін есепке алатын институттан мұражай сол сапаны алға бастыратын мәдениет көрінісіне айналады. Елімізде туризм дамып, кеңістікте ұйымдастыруын ғылыми түрде қамтамасыз етілген жағдайда, музейлерге келушілер қызығушылығы жоғарылайды. Музей жұмысын туризмді секілді ғылым көмегінсіз дамытудың мүмкін еместігіне әлдекімдерді сендіруге тырысудың, сірә, қажеті жоқ шығар. Неміс математигі Карл Гаусс бірде: «...жер бетінде жақсы теориядан басқа пайдалырақ нәрсе жоқ», - деген-ді. [4] Теория мен іс-тәжірибе арасында бар үзілмес байланыс туризм мен музей жағдайында ерекше байқалады, өйткені, шын мәнінде, кез-келген теория тәжірибе негізінде пайда болады. Жасалатын экспозициялар мен көрмелер, мәдени-білім беру жобалары ғылыми тұрғыдан зерттеу нәтижесін көрсетсе, сонымен қатар жеке тұлғалардың шығармашылық ізенулеріне жол ашады. Бұл көп жағдайларда музейлік қатынасты “декларация” және “монолог” саласынан “диалог” немесе “полилог” саласына ауыстыратын қазіргі заманғы мәдениет және мәдениетаралық қатынастардың әсерінен іске асырылады. Музейде жинақтанған ақпаратты түсінірудің алуан түрлілігі, біржақты түсіндіруге қарағанда асқан маңызға ие. Практиканың теориядан озып кетуі белгілі бір деңгейге дейін ғана қалыпты жағдай болып саналуы мүмкін. Заманауи музейтану қоғам және мәдениеттегі жаңа ролін түсінуі қажеттілігінен туындайды.

XXI ҒАСЫРДАҒЫ ҰЛТТЫҚ САНА ТУРАЛЫ Күллі жер жүзі біздің көз алдымызда өзгеруде. Әлемде бағыты әлі бұлыңғыр, жаңа тарихи кезең басталды. Күн санап өзгеріп жатқан дүбірлі дүниеде сана-сезіміміз бен дүниетанымымызға әбден сіңіп қалған таптаурын қағидалардан арылмасак, көш басындағы елдермен тереземізді теңеп, иық түйістіру мүмкін емес. Өзгеру үшін заман ағымына икемделу арқылы жаңа дәуірдің жағымды жақтарын бойға сіңіруі керек. Жаңғырған қоғамның өзінің тамыры тарихының тереңінен бастау алатын рухани коды болады. Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты - сол ұлттық кодыңды сақтай білу. Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды. Кез келген елдің әлеуметтік-мәдени ортасы зерттеудің ең бір кең саласы болып табылады. Ал зерттеу бойынша шешім қабылдауда келесі әдет-ғұрыптар әсерін тигізері сөзссіз:а) негізгі салт- дәстүрлік, мәдени-құндылықтарды мықты ұстау.;б)бірінғай

мәдениет шегіндегі қосалқы мәдениеттер, яғни өмір сүру тәжірибесіне немесе басқа жағдайдарға байланысты құндылықтарға бір көзқарасты адамдар тобы. Әр түрлі дінді қолдаушылар, карт адамадар, балалар, жасөспірімдер сияқты топтар. в) екінші қатардағы құндылықтардың уақытша өзгеруі.

Бұл – жаһандық әлемге еркін кірігіп, жұмыс істеудің басты шарты. Санның ашықтығы зерденің үш ерекшелігін білдіреді. Біріншіден, ол дүйім дүниеде, Жер шарының өзіне қатысты аумағында және өз елінің айналасында не болып жатқанын түсінуге мүмкіндік береді. Екіншіден, ол жаңа технологияның ағыны алып келетін өзгерістердің бәріне дайын болу деген сөз. Таяудағы он жылда біздің өмір салтымыз: жұмыс, тұрмыс, демалыс, баспана, адами қатынас тәсілдері, қысқасы, барлығы түбегейлі өзгереді. Мемлекет пен ұлт құрыштан құйылып, қатып қалған дүние емес, үнемі дамып отыратын тірі ағза іспетті. Ол өмір сүру үшін заман ағымына саналы түрде бейімделуге қабілетті болуы керек. Жаңа жаһандық үрдістер ешкімнен сұрамай, есік қақпастан бірден төрге озды. Сондықтан, заманға сәйкес жаңғыру міндеті барлық мемлекеттердің алдында тұр. Аталып өтілген мәселелер, өзгерістер мұра-мирасқа деген көзқарасты да өзгертті. Қазіргі заман жағдайында мәдени мұра-ұлттық игілік, тұрақты дамудың кепілдігі ретінде қабылданып, осы заманның көптеген мәселелерінің өміршеңдігін айқындайтын іргелі ұғымға айналды. Музей мұраның сақталуын қамтамасыз ететін басты әлеуметтік-мәдени институт. Музей тарихы тереңде жатқан адамзаттың баға жетпес құндылығы, басқаша айтқанда күрделі қоғамдық құбылыс., себебі ой, сөз, ғылым, өнер, жеке адам өмірі, қоғамның рухани өмірі, мәдени құндылықтардың кең әлемі бірге тоғысып үйлесуі.

Сынаптай сырғыған уақыт ешкімді күтіп тұрмайды, жаңғыру да тарихтың өзі сияқты жалғаса беретін процесс. Жаңа жағдайда жаңғыруға деген ішкі ұмтылыс - біздің дамуымыздың ең басты қағидасы. Өмір сүру үшін өзгере білу керек. Оған көнбегендер тарихтың шаңына көміліп қала береді. [1]

XXI ғасыр – инновация заманы, заман көшінен қалмау үшін ажырамас егіз ұғымға айналған ғылым мен инновацияны игеруге тиіспіз. Қазіргі таңдағы ғылыми-теориялық қарекет музей ісіне басқаша көзқарастың болуын, яғни қазіргі өскелең қоғамның талаптарына сай биімделуін, музей ісін ұйымдастыруда түбегейлі бетбұрыстардың болуын, жаңа методологиялық көзқарастың болуын, музейлердің ғылыми-техникалық базасын қалыптастыруды, оны практикамен ұштастыруды талап етеді. Қазіргі заманда коммуникациясыз өмірді көз алдымызға елестету мүмкін емес. Кез келген қадам теориядан басталады. Музей жұмысында маркетингтік коммуникациялар кешенінің бес коммуникациялық құралын қолдануға болады:

1. Жарнама-кез келген ақы төленетін белгілі бір субъектінің жеке презентациясы емес және идея, тауар немесе қызметтің жылжу формасы.
2. Өткізімді ынталандыру-тұтынушыларды тауарлар не қызметтерді сатып алуға итермелейтін, ынталандыратын әр түрлі қысқа уақытты акциялар.
3. Жұртшылықпен байланыс (PR) -компания мен оның тауарларын жылжыту және имиджін қорғауға арналған бағдарламалар.
4. Жеке сатулар-презентациялар, сұрақтарға жауап және тапсырыстар

алуды ұйымдастыру мақсатында жүргізілетін бір не бірнеше әлеуетті сатып алушылармен тікелей өзара қызмет жасасу.

5. Тікелей маркетинг- нақты және әлеуетті тұтынушыларға тікелей әсер ету мақсатында пошта, телефон, факс, электронды пошта және басқа да байланыс құралдарын қолдану.

Аталған жүйелер тиімді құрылған жағдайларда аудиторияны, коммуникативті мақсаттарын анықтау, хабарламаны дайындау, коммуникативті арналарды таңдау сатыларынан өтеді. Қоғаммен байланыс PR-жұртшылықпен жақсы байланыс орнатуға бағытталған, бұқаралық ақпарат құралдарында редакциялық орынға ие, музей имиджін қалыптастыру. Жұртшылықпен байланысты атқаратын қызметтер:

- баспасөзбен байланыс орнату мен байланыста болу.
- тауар паблициті
- қоғамдық шаралар
- демеушілермен байланысты дамыту [2].

Музей мен қоғам арасында қарым-қатынасты белсенді орнату, музей заты арқылы музей келушілеріне үздіксіз білім беру мен музейлік ақпаратты қабылдау, тарату, қоғамға, қоршаған ортаға енгізу үдерісі – музей коммуникациясының қоғамның талабына сай дамуы музей мамандарының кәсіби шеберлігіне байланысты. PR көмегімен қоғамдық санаға жарнамаға қарағанда басымдырақ әсер етуге болады. Барлық музейлерде жеке сайттары бар. Сайт жұмысы жетілдіріліп отырылады. Баспа жарнамасы, каталогтар, буклеттер қысқа мерзімде әсер етуге бағытталғанымен, көлемді тиражбен басылса ғана жұртшылыққа кеңінен тарайды.

Музей әлемі күрделі трансформацияларды басынан кешіруде. Музеология жайлы отандық, шетел ғалымдарының ойлары да бір арнаға тоғысқандай. Мысалы: музеология теоретигі З.Странский музеологияның даму стратегиясын қоғамның мәдени санасының өзгеруімен байланыстырады. Ал музеология бойынша ЮНЕСКО кафедра меңгерушісі Ян Долак «музеология» түсінігінің ғылыми тұрғыдан пән анықтамалығының күрделігін алға тартады, сонымен қатар музей ісі мамандарын даярлау концепциясына назар аударады. Халықаралық музеология қоғамдастығының пікір таласы қазіргі ғалымдардың назарында музей тұрғанын көрсетеді. Ғалымдардың пікірінше де «музейдің» мәдени формасының өзгергенін көрсетеді.

Қолданылған әдебиет

1. Назарбаев Н.Ә. Рухани жаңғыру бағдарламасы. 2017.
2. Устенова Ө.Ж., Смыкова М.Р., Жүнісбекова Б.Б. Туризм маркетингі Алматы., 2009 135 б
3. Ердәулетов С.Р. Қазақстан туризмі. Алматы, 2015. 8,12, 6
4. Каптерев А.Инфрматизация социокультурного пространства. М., 2004. 8, 11,14 с
5. Кескіндеме Шығыс Қазақстан өнер мұражайының қор коллекциясының каталогы. Өскемен 2014 6 б, 686, 736

**Жұбанова Гүлнұр Алпысбайқызы
Ә. Қастеев атындағы ҚР МӨМ
Қазақстан бейнелеу өнері орталығының
ғылыми қызметкері**

МҮСІНШІ Ө.ШАНОВ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ ӘЙЕЛДЕР ОБРАЗДАРЫНЫҢ КӨРКЕМДІК- ТӘРБИЕЛІК МАҢЫЗЫ

Өнер-өмір бұлағы. Әсемдік пен ізгіліктің жан тербетер жарасымы. Өнер –рухани мәдени саланың, эстетикалық көзқарастың, философиялық танымның шығу көзі және көрініс объектісі. Сондықтан оның құндылықтарының бағалануы, оған айтылған сыни көзқарасқа, әлеуметтік сұраныс талап-тілектерге, қоғамдық не дара ұстанымдарға байланысты айқындалады.

Еліміз егемендік алып, еркін даму жолына түскен жылдардағы заман талабы халық санасына салмақты өзгерістер енгізді. Қазақстан Республикасының 2010 жылға дейінгі дамуының стратегиялық жоспарының мақсаты халықаралық білім кеңістігімен интерграциялылығы және ұлттық білім моделін жасау. Яғни бәсекеге қабілетті, бойында түйінді құзіреттілік пен білім біліктілігі дағдысы қалыптасқан әлеуметті тұлғаны оқытып тәрбиелеу баршамызға міндеттеліп отыр. Құзіреттілік мемлекеттің сұранысын, жеке және қоғамдық қажеттіліктерді қамтамасыз ету мақсатында ішкі, сыртқы ресурстарды тиімді қолдануға икемділік. Қазіргі күннің талабы ақпаратты іздеп, оны өңдей пайдалана алу. Сонай-ақ, коммуникативтілікке, қоғамдағы түйіткіл мәселелерді шеше білуге үйретсек қана жас тұлға бойында қалыптасқан білім-білік дағдыны тиімді пайдалана алады. ХХІ ғасыр әрбір адамзатты әлеуметтендіре, яғни қоғамның толыққанды мүшесі болуға тәрбиелейді. Оқыту мен тәрбие адамды педагогикалық ұйымдастырылған іс-әрекет жүйесіне енгізу, қатыстыру процесі болғандықтан ол шығармашылық ізденісті талап етеді. Шығармашылықтың жалпыға ортақ қызмет өрісі мен функциясы адамның барлық рухани танымдық, практикалық қабілеттері мен қасиеттерін дамыту. Түп өзегі шығармашылық қызметтен бастау алатын бейнелеу өнері тұлғаның дүниетанымын, рухани әлемін, ынтасы мен қабілетін дамытып, білім-тәрбие нәтижелері қазіргі жаһандану үрдісіне мемлекетіміздің білім саясатының бағыттарымен ұштасуын қамтамасыз етеді. Бейнелеу өнері, сөз сияқты, адамның ойын білдіретін әрі жеткізетін құралдарының бірі. Бейнелеу өнері арқылы жалпы өнерді жақсы көруге, қоршаған ортаның әсемдігі мен сұлулығын қабылдауға, көркемдік талғампаз болуға шақырады. Бейнелеу өнерімен айналыса отырып, адам тек суретшінің практикалық дағдыларын ғана меңгеріп, шығармашылық ойларын жүзеге асырып қана қоймай, сонымен бірге өзін талғампаздыққа тәрбиелейді. Қоғамдағы үйреншікті нәрселерден сұлулықты таба білу қабілетіне ие болады, көргенін еске ұстау және қиялдау қабілеті дамып, шығармашылық ойлап, талдауға, білгенін жинақтауға үйренеді.

Ал, мұндай қасиеттер баршаға қажет. Адамзат қызметінің сурет сала білу, ауқымды форма мен тұстану қабілетінің кәдеге жарамайтын саласын атау қиын. Сондықтан кез-келген кәсіптің адамы, егер ол бейнелеу өнерімен құралдарын игерсе және оны пайдалана білуге машықтанса, жақсы қызмет атқарады. Әлемдік мәдениет тарихында даңққа бөленген көптеген көрнекті адамдар бейнелеу өнерімен беріліп, сүйсіне айналысқан. Ғалымдар мен суреші дизайнерлерге, музыканттар және жазушыларға бейнелеу құралдарын игеру маңызды жаңалықтар ашуға, тамаша әдеби шығармалар немесе образдар жасауға сан қилы ғимараттарды көркемдеуге көмектеседі.

Адамзат өмірінде бейнелеу өнерінің маңызы өте үлкен, оның қоғам өміріндегі рөлі аса зор. Қазақстан бейнелеу өнерінің қазіргі белесі мен болашағынан ұлттық болмыс іздесек ол тас дәуіріндегі геометриялық өрнектер, сақ дәуіріндегі жануарлық таңба, орта ғасырдағы сәулеттік безендірулерден тұратын дүниетанымдық көзқарас бүгінгі таңға дейін қалыптасқан дәстүрлі өнер үлгілерінің арасындағы байланысты аңғартады. Әлеуметтік жағдайлар өзгеріске ұшырап, мәдени ақпараттық алмасулар мен өзара әсер қатынастарының күшейіп, өнер тек қана рухани сұраныс болудан қалып, ол тауар ретінде де жұмыс істей бастаған кезде және оған деген сұраныс көпшілік талғамына, көрмелер мен музейлерге арналған, түрлі талап-тілектерін қанағаттандырып отырған шақта біздің бағалау өлшемдеріміз бейнелеу өнеріне ғана емес мүсіндік шығармашылыққа қалыптасқан көзқарасымыз өзгерді. Зеріттеу жұмысымыз бейнелеу өнері соның ішінде мүсіндік шығармалар жөнінде болып отыр. Қалай болғандада ХХ ғасырға дейінгі Батыс Еуропа бейнелеу өнері нұсқаны, яғни шындықты тікелей бейнеледі. Әрине, ол шынайлықтың көріну, сомдалу формалары әр түрлі болды. Осы әр түрлілік «өнер» деген ұғымға тікелей қатысты.

Қазіргі мүсін өнері еркін ойлауға жол ашты, кезінде айтылмаған, тарих бетіндегі жасырын қалған шығармалар туындай бастады. Өнердің бүгінгі күнгі батыл енгізуде суретшілердің шығармашылық еркіндігі, бірегейлігі көркем ойды батыл білдіруі айрықша маңызды рөл атқарды.

Қазақ бейнелеу өнері тарихында кәсіби мүсін өнерінің қалыптасуындағы алғашқы кезең форма мәнерінен басталды. Осы кезеңде монументтік мүсіндер де өзіндік ерекшелігімен айқындалды. Қазақстан мүсіншілерінің шығармашылығындағы негізгі мақсат өз заманына қарай сомдау болды. Мүсіншілердің шығармашылық тәжірбиелерінде негіз болған басты мәселе ол кеңес үкіметінің идеялогиясының аясында сомдау дәстүрге айналды. Басты тақырыптық композициялар халық назарын аударатын тұлғаларға қойылған. Ал 1950–шы жылдың екінші жартысынан бастап мүсін өнерінде қондырғылы мен монументальды форма заман талабына қарай қатар жүріп отырды. Біріншіден, суретшілердің жеке шығармашылығының өзіндік идеясында сомдалған қондырғылы композициялық мүсін болса, екіншіден мемлекеттік тапсырыстан, яғни композициялық шешімі социалистік идеяда табылуымен қатар мазмұны мен мәні де заманға сай келуі тиіс болды. Осындай тақырыпты туындылар Қазақстан мүсін өнерінің кәсіби деңгейін көрсететін іргелі жанрына экспериментальды ізденістеріне, әртүрлі

кезеңдердегі қоғамның мәдени–этикалық ділін тиісті түрде әр қырынан өзіндік рухани–философиялық кеңістіктеріне айналдырды. Ең бастысы ол жалпы идеология шеңберінде қалып, өзіне қолайлы форма шығармашылығымен айналысты және өзін үлкен жүйенің бөлшегі ретінде сезінді. Әрине, үнемі бұлай бола бермеуі мүмкін емес еді. Объективті табиғи заңдылық ретінде, эволюциялық процесс білім мен қарама–қайшылыққа толы жинақталған тәжірбиені жарыққа шығару жолын талап етті.

Ал игерілген қарқынды даму үрдістері шындығында ресми өнердің жаңа формалары мен идеяларын қалыптастырды. Осы кезеңде қазақ мүсін өнерінде алғашқы кадрлер шыға бастады. Атап айтсақ Х.Наурызбаев, А.Исаев, Б.Түлеков, Т.Досмағамбетов, Е.Сергебаев, Е.Мергенов, Б.Мұсабаев, Б.Әбішев сынды мүсіншілердің негізінен жеке шығармашылығында қондырғылы мүсін форма бастау алып, монументтік форма жалғасын тапты. Бұл мүсіншілердің басты тақырыптары өткен тарихи сарын мен қазақ жерінен шыққан абзал азаматтардың ескерткіш мүсіндерін монументтік мәнерде көрсетті.

Сонымен қатар мүсіншілер табиғатқа зейінмен үңіле қарап, оның ерекшеліктерін анықтау, халықтың тұрмыс салтының, адамдардың мінезі мен бет әлпетінің өзгешеліктерін қапысыз аңғару, сөйтіп өзінің әсер сезімдерін неғұрлым дәл мүсіндеуге тырысу – ол кездегі көптеген еңбектерге тән басты қасиеттер еді. Қандайда монументтік немесе қондырғылы формада келмесін тақырыптық композицияның рухын, адами немесе тұлғалық қасиетті, сұлулықты сомдау мәнерін сақтай алатындығының айқын дәлелді. Яғни, біріншіден оларға композицияның кеңістік пен уақыт компоненттерін еркін пайдалануға мүмкіндік берілді, мұның өзі белгілі форманы жинақтап көрсетуге ұмтылдырды. Екіншіден, модульдің ірілігіне белгілі композицияны сомдау тәсіліне мүмкіндік берді. Сөйтіп, екеуі де конструкциялық шешімнің айқындығына, мүсіннің жинақы ықшам шығуына баулыды. Бұл қазақ мүсін өнерінің өркендеу деңгейіне жол бастауы болып табылады. Қазақстан аймағындағы ұсақ пластикалармен айналысу үрдісі ерекше болды. Мұнда халықтың рухын, дәстүрлі аңғал да аккөңілділігін ұлттық заңдылықтарымен шешілді. Көркем бейнелердің сомдалу шешімі аңыз бен поэтикалық шешімдегі мақсаттары шартты формалық мәнері үйреншікті заңдылықпен іске асып отырды. Атап айтсақ, мүсінші Р.Ахметовтың, М.Әйнековтің, К.Какимовтің, Б.Әбішевтың шығармаларында ұлттық тақырыпта көрініс тапқан композициялық мүсіндемелерінде ұлттық мәнердің заңдылығы тұнып жатыр. Яғни, олар шығармашылық мұраға сүйене отырып, көркемдік дәстүрмен ашық байланысып отырды. Олардың ойлары тікелей қазақ халқының пластикалық өнерінде актуальды келген. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында бейнелеу өнері мен мүсін өнерінде қазақ ұлтының өзіндік мәдени феномендері орнығып қалыптасты. Қазақ өнерінің сомдау тілі мен идеялық белгілері түрленіп оның басты рухани қалыптасуына ықпалы зор болды. Осы кезеңде өнер ағымына көптеген өзгерістер еніп, мүсін өнерінде формалардың құрылымы шынайылықтан ауытқып отырды. Сомдау тілінің формалары адамның ішкі өмірі мен рухани дүниесіне терең де нәзік әсерін тигізді. Өнер қоғамда болып жатқан өзгерістерге, сондай–ақ оларға бағыт беріп отырады. Қазақ халқының

дәстүріне бұл жылдарды жай ғана қызығушылық қана болып қоймай, белгілі бір формалар мен сұрақтарға жауап іздей түскен. Уақыт қозғалысы жылжыған сайын, ұлттық көзқарас жан-жақтыланса да олар өзінің ішкі қасиетін жоғалтпай мектебін бағалап, сақтап отырған. Суретші ұлттық жүйені өздерінің көзқарастары мен сезімдерінің негізі арқауы ретінде қарады. XX ғасыр философиялық ойлар ағымы ашылған ғылыми жаңалықтармен қатарласып жатқан кезеңге саяды. Осындай өзгерістер мүсіндеудің композицияларына әсерін тигізіп, құрылымдарға ие болған. Ондағы көшпенді мәдениетімізден келе жатқан түп-тамырымыз бойынан тараған сезімдерді айта кетуге болады.

Мүсін өнерінде жаңа бағыттары ұлы даланың көне түсініктеріне «интерпретация» жасап қайта жаңғыртты. Адамның рухани өмірінен бастау алған сезімдері мен сырт көзге білінбейтін қасиеттерін пластикалық мәнермен жеткізген мүсіншілер Ө.Шанов, А.Есенбаев, Е.Мельдебеков, Ш.Төлеш болатын. Олар бірнеше ұлттық көзқарастарды қосып, ерекше композициялық шешімдер тапқан. Сондықтан олардың шығармаларындағы пластикалық шешімдерінде алдына қойған мақсаттары стилистика мен құю әдісі, жанрлық спецификасы өзгеріп отырды. Олардың жұмыстарына қарап отырсақ, бейнебір таңбалы тастар мен түркілердің монументтік пластикасын немесе алғашқы қауымдық қоғамдағы аңшылардың, ортағасырдағы жауынгерлердің бейнесін табасыз. Әр кезеңнің ажырамас біртұтастығы, адамдардың рухани бастамасының беріктігін бекіту, көрінетін сырт пішіндерден көрінбейтін мүмкін тәңірлік мазмұнын көруге ұмтылыс Есенбаев, Э.Казарян, Ш.Төлеш сияқты мүсіншілердің еңбектерінде орын алған. Қондырғылы мүсін жасауда 90-шы жылдар өзіндік жаңа көзқарастарымен бірнеше талантты мүсіншілерін ала келді. Олар қолданған материалдар мүсіндік туындылардың көркемдік жағынан және терең ашуда да формаға ыңғайлы болып келген. Мүсінші Е.Мергенов шығармашылығына гранит пен қоланы, алюминий мен жезді, шамотты пайдаланып, форма құрылымын түрлендіре білген.

Сондай-ақ, мүсінші Э.Казарян туындыларын рельефті-панно тәсілімен қоладан құйып, қызықты формалы сюжеттерді енгізген. Уақыт бірлігі адам мен табиғат болмысындағы күрделі сәттер мүсінші жасаған формалармен үндестік тапқан. Өзіндік бейнелеп сомдау барысында форманың жоғарғы төменгі бөлігіне өзгеріс енгізеді. Бұл көрністі «Үй үстіндегі құс» туындысынан көреміз. Үш бөліктен құралған композиция құрылымы су, жер беті, аспан әлемімен шешіледі. Үнемі композицияларында аударулы төңкерілген сызықты форманы қолданып, адам бейнесі немесе құстар, хайуанаттар сызық бойына бағынған. Жұмбақты тәсіл мен күрделі шешілген кеңістік мүсінші Э.Казарянға тән ерекшелік.

Ал мүсінші А.Есенбаев туындылары қарапайым тас, ағаш дөңкелерінен қашалып сүйкімді образды әкелген. Абстрактілі ойлау мүсінші көзқарасында формалардың түрленуіне беріледі. Мәрмәр бөлігінен қашалған портреттерінде ішкі тынышсыз әлемді жұмбақ кейіпкерлерінен анық аңғартқан. Әрбір мүсіндер таза қалыпты формаға терең ойды үйлестіреді.

Қондырғылы мүсінді сомдауда көптеген дәстүрлі тақырыптар мен пластикалы формаларды жасауда мүсіншілер еңбек етуде, бірақ олар жайлы

зерттеулер өте аз. Әр қайсысының өзіндік қолдану тәсілі, мәнері, өзіне тән тілі бар. Бұндай мүсіншілер қатарын М.Әмірханов, Қ.Дулатов, Ә.Жұмабай, М.Жүнісбаев, Ө.Шановтар толықтыруда. Айталық Ә.Жұмабай туындыларында фактурасымен қызықтырады, М.Жүнісбаев түрлі материалдарды қолданып, әйелдер тақырыбын әсерлі жеткізеді. Кейбір мүсіншілер көбінде қазақ халқының батырлар образдарын, күйші–абыздарын, аңыз–ертегі кейіпкерлерімен формаға үндестірген. Түрлі материалдан сомдалып жасалған кейіпкерлер, ырғақты пластикаға бағынып, форма құрылымын бірде поэтикада, енді бірінде романтика әсерімен психологиялық тұрғыда шешеді. Жоғарыдағы есімдердің арасында Ө.Шановтың еңбектері формасы жағынан жасалу тәсілі, әрі шығармашылығындағы тақырып пен идеясы қызықты табылып отырады. Шығыс мәдениетінің шексіз мөлшердегі байлығы, пластикалық нысандардың жұмбақтары мен нәзік тұтастарының құпияларын ашуға тырыса отырып, өз шығармашылығында адамдарды мәңгілік толғандыратын өмір, табиғат күрделіліктерінің жұмбақ түрін де жеткізетін шығармашылық дүниелер алып келді.

Мүсінші Ө.Шанов шығармашылығы аз зерттелсе де, қызықты формалары арқылы көрушісіне түрлі ой қалдырады. Мұнда ол композицияларын түрлі тақырыптармен үйлестіре отырған. Айталық, әр елдердің мәдениетінің көріністерін, әйелдер образдарын, адамдардың ішкі психологиялық күйзелісін формаға айналдыра отырып шешеді. Өмірзақ Бақиұлы Шанов 1950 жылы Батыс Қазақстан облысының Шалқар ауданында қарапайым отбасында дүниеге келеді. Ө.Шанов шығармашылық жолында өз шеберлігін жан–жақты жетілдіре түсуде көптеген әр елдің мүсіншілерінен ізденістер жүргізе бастаған. Суреткер–мүсінші өзіндік жеке қолтаңбасын, стилін, жаңа идеяларын пластикалық формада ізденуде, 80-ші жылдардан бастап әр елдің мәдениеті мен өнерін қадағалауда ұзақ жылдар мардымсыз жұмыс жасайды. Мүсіншінің туындыларындағы формалар әр қилы келіп, шығармада бірде кесек–кесек болса, бірде ырғақты келуі. Портреттер бір көргенде шаржбен мүсінделініп келсе, кейде нәзік ырғақпен мысқылданады, кейбірінде көңіл күйдің философиялық мазмұнын ашып, терең ойға жетелейді. Сюжеттері тарихи мифтік бейнелер төңірегінде, кейбірі мүсін өнерінің негізгі тақырыбында сомдалады. Шанов туындылары өзінің интуициялық сезімдерімен ерекше дамыған. Ол қондырғылы мүсіндегі пластикалық формалардың шебері. Кей жұмыстары түбегейлі орындалса, енді бірінде өте қарапайым нақты формалармен ғаламдық жалпылықты да кездестіреміз. Кейде ол белгілі бір заңдылықты қатаң сақтаса, кейде қиялына еркіндік береді. Көптеген жұмыстарын мүсінші формаға байланысты шешеді. Оның қолданған қола, метал, гипс, пластилин тағы басқа материалдарды жұмыстың шешімін нақты беруге және көркейтуге сай келіп тұрады. Мүсінші қолдануы мен әдіс–тәсілі үстінде оның асқан шеберлігі ерекше. Қандай да бір туындысы шеберлігінің арасына бүкіл тұтастықты бойына сіңіріп, өз дегенінше аяқталып бірітіп отырады.

Мүсінші Ө.Шановтың шығармашылығындағы әйел образдарын жеке кезеңге бөліп тереңнен талдауды қажет етеді. Оның «Женский торс» (1989 ж.

металл) жұмысында әйелдің дене сұлулығын негізге ала отырып, бөксе мен кеуде бітім құрылысының тарту қуатын осы бір сырлы да сымбатты әйел табиғаты әлемінен іздейді. Жаратылысынан тұла бойына сұлулық ұялаған әйел келбеті оны түсінген, аялап құрметтеген адамға түр әлпетінсіз-ақ сұлу әрі көрікті. Міне, осы мақсатты көздей ұстаған автор сол нүктеге асқан шеберлікпен әйелдің шешіну барысындағы бас бөлігіне келіп, кептелген киімі мен ұнамды сәтті шындыққа үйлесімді етіп шебер бейнелейді. Дәл осы бір көріністегі әйел бейнесі көптеген суреткерлердің тақырыптарында кездескен. Нақ осындай «Әйел торсы» Қазақстан мүсіншісі Әзмағанбетовтың туындысынан көреміз. Мұнда торс құрылымы кішкене өзгеріске ұшырайды. Дегенмен ұқсастықтар мұнда да әйел киімі бет пішінді жауып тұрғаны, ал ерекшеліктері оң жаққа салмақ түсіре майысса, Шанов та әйел алдына оң аяғын жіберіп сол жаққа салмақ берген. Әзмағанбетовтың торсы шеңберлі мәрмәр тұғырға қоладан құйылған. Ал қыртысты көйлегі астындағы көгілдір төртбұрышты форманы құрайды. Шанов әйел затын ерекше бағалауда оған тән қасиеттерді бір ғана шығармамен айтып өткендей. Әйел денесін сомдауда әлемдегі бүкіл суретшілер осы этаптан өткен. «Женский торс» (1989 ж. қола) деген шығармасында әйел нәзіктігі басты тақырып етілген. Онда салмақ астыңғы бөлікке түскен болып әйел тағдырының барлық салмағы оның сезім күйімен байланысады. Мүсінші нағыз заңдылықты, симметрияны сақтай отырып, әйел денесін әсірелей көрсетуде қазіргі заманның көзқарасымен байланыстырады.

Осы кезде айта кететін жайт бізге дейінгі қауымға әсемділік жоғары бағаланса, қазір бізге формалар мен олардың құбылуы қызықтырады. Қара төртбұрышты тұғырға жалтырай құйылған әйел тұлғасындағы нәзік бөліктеріне мүсінші акцент беріп тұр. Сондай-ақ шығармадан құмыра тәрізді фигуралардың бейнесін көре аламыз. Жалпы деректерде қобыз, құмыра, немесе сегіз санының кейіптері әйел тұлғасымен теңелген.

Ұзына келген мөлдір «Шолпан жұлдыз». (1985 ж. қола) бейнесінде жеңіл көйлегі желдің ығына шыдамай желбірей түседі. Тау етегіндегі тастың ба, әлде су жағалауындағы жырақта тұрған қыз дәл осындай күй кешеді. Бойында бір міні, бір қылы жоқ періште бейне жаңбырдың тамшысынан жаралғандай. Нәзік қыл мойыны сәл төмен қараған басын көтеруге шыдамы жетпейтіндей. Осы тұзумен дене пішімі де бой түзейді. Қылдырықтай белі мен төгіле киілген көйлек ішінен нәзік қыздың силуэтын аңғарамыз. Жеңіл тыныштықты салмақсыздықты бұзып тұрған самал жел қыз етегінен өткендей. Егер жел күшін күшейтер болса, Шолпан қыз аспанға ұшып кетер еді. Қыз да осыны күтіп тұрғандай. Махаббаттың символы «Шолпан» жұлдыз бұл жерде қыз бейнесінде. Мүсінші осы туындысы арқылы махаббаттың нәзік екенін жырлап отыр. Ал, «Обнаженная» (1985ж. қола) жұмысында әйелдің ішкі сезімі жан күйзелісін оның қалыптан тыс үлкен дене бітімін байланыстыра отырып көрсетуге тырысады. «Әйел қырық жанды» - деген сөзге сайғандай. Осы шығармада әйелдің қайрат пен жігерлігі сомдалған мүсіншінің сомдау барысындағы әдіс-тәсілі өзгере түскендей. Өйткені мұндағы үлкен форма монументті көрініс беріп, салмақтың ауырлығын айқындайды. Мүсінші орыс

мүсіншілерінің жасау әдісін жетік игергені осы шығармада анық байқалады. Жоғарыда келтірілген әйелдердің бейнелерінің барлығына тән нәзіктілік мұнда керісінше қатаң көрсетіледі. Кесіп-кесіп екілеу арқылы құйылып сомдалған шығарма иіріле келген ось сызығына бағынады. Жалаңаш әйел оң иық тұсындағы ағашқа басын сүйей аспанға қарап, зарын айтып тұрғандай.

Шановтың әйелдер бейнесіне жасалған «Ана» (1987ж. қола) жұмысы жалпы әйел тіршілігі, мейірім шапағатымен байланысады. Бұл шығарма дөңгелек формада болып әйел іс-әрекеті бас, қол және аяқ қимылдарына байқалады. Бұл да бір тынымсыз тіршіліктегі әйел мойнына жүктелген болашақ тағдыр салмағы. Мұндағы жұмыстың алдыңғы әйелдер бейнесінен бір ерекше өзгешелігі әйелдер - ана орнында образ табады. Әрі осы туынды басқа әйелдер бейнелеріне жасалған жұмыстардың жинақ қорытындысы тәрізді. Әйел әрқашанда «Ана» деген атаққа алып келеді. Қазақ халқымызда құт –берекенің қамқоры, ұрпақтар жалғастырушысы, молшылықтың тұтқасы киелі есім анаға тиесілі. «От ана, Жер-ана жарылқа, күнәм болса кеше гөр, түйіншегін шеше гөр» деген наным–сенімдер әйел образының қасиеттерін тереңнен бойлатады. Қорыта келсек мүсінші Ө.Шановтың пластикалық туындыларында форманы жай сезіну емес, одан әр түрлі мәдениетті көруге терезе ашылады. Көптеген туындыларында мүсінші ұсақ бөлшектеріне дейін мән берсе, кейбіріне қарапайым формамен үлкен мәселені айқындап бере алады, яғни формамен тақырыптты да гармониялық үйлесімділікті де қатар алып, әр алуан образды жарқын жеткізе біледі. Қазақстан мүсін өнеріндегі формалар түрленіп, қазіргі әлемде болып жатқан барлық жағдайлармен сабақтастырып, өзіндік мектеп қалыптастырды. Бұл мүсін мектебін жалғастырушы мүсіншілер еңбегі бүгінгі Қазақстан өнері үшін жаңалығы мен келешек ұрпаққа жалғасын таппақ. Ал, барша Қазақстан үшін бәсекелестікке қабілетті тұлғаны тәрбиелеу-ортақ іс екендігі аян.

Пайдалылған әдебиеттер тізімі

1. Ергалиева Р.А. Этнокультурные традиции в современном искусстве Казахстана. - Алматы 2002
2. Валиханов Ш. У.Шанов. Скульптура. Каталог
3. Джадайбаев А. Қазақстанның бейнелеу өнерінің інжу маржаны, -Алматы 2002
4. Қазақстанның қазіргі бейнелеу өнері XXғасыр. -Алматы 2001
5. Қазақстан бейнелеу өнері XX ғасыр. -Алматы, 2001
6. История Искусство Казахстана. / со автор. А.Галымжанова, Б.Барманкулова, К.Муратаев и т.д. -Алматы 2006
8. Соны сұрлеу. -Алматы 2004
9. Шалабаева Г. Ғасырлар тоғытындағы Қазақстанның көркем өнері
10. Есмаханов А. Қазақстанның қазіргі бейнелеу өнері 60-90 жылдар. -Алматы «Дидар» 1990
12. Копбосинова Р. Первая респуб-я выставка скульпторы. Алма-Ата 1986
14. Шалабаева Г. Грани реализма -Алматы 2004

16. Кумарова С. Скульптура Казахской ССР М., 1975
17. Мастера изобразительного искусства Казахстана. //Институт литературы и искусства М.О.Ауезова. -Алматы 2004
18. Байжігітов Б. Бейнелеу өнерінің философиялық мәселелері. -Алматы «Өлке» 1998
29. Орысша-қазақша сөздіктер. Алматы 1978, 1-25 том\
30. Мифы народов мира. //Советская энциклопедия. М., 1987, 1 том
31. Дмитриева Н.А. Искусство древнего мира. М., 1989
32. История искусства Казахстана. Очерки 2 том
34. Анисимов Г. Искусство Казахстана. Творчество, 1972, №9

**Агейкина-Шматова Яна Леонидовна –
председатель ВК филиала СХ РК,
директор ОФ «Кочевник»,
галереи им. Леонида Агейкина
Казахстан, Усть-Каменогорск**

СОХРАНЕНИЕ И ПРОПАГАНДИРОВАНИЕ МАТЕРИАЛЬНОГО КУЛЬТУРНОГО НАСЛЕДИЯ ВОСТОЧНО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ С ПОМОЩЬЮ ЦИФРОВЫХ ТЕХНОЛОГИЙ

В Восточно-Казахстанской области реализован авторский проект по созданию первого видеофильма «Изобразительное искусство Восточно-Казахстанской области. Живопись. Графика. Скульптура».

В апреле 2018 года в культурной жизни Восточно-Казахстанской области состоялось важное событие – презентация первого видеофильма «Изобразительное искусство Восточно-Казахстанской области. Живопись. Графика. Скульптура».

Наш видеофильм – это аудиовизуальное произведение с зарегистрированными авторскими правами, состоящее из зафиксированной серии со звуковым сопровождением, предназначенное для зрительного и слухового восприятия с помощью соответствующих устройств.

Он появился благодаря союзу единомышленников:

- автор проекта, создание, подбор материалов – Агейкина (Шматова) Яна Леонидовна,
- веб-дизайнер – Бахарев Павел Валерьевич,
- продюсер – Байсалбаев Марат Калибекович.

Музыка – классическая.

Восточно-Казахстанская область не имеет собственного каталога или фото-книги по изобразительному искусству. Разговоры по этому поводу ведутся давно, но, как говорится, «ногу подняли, а шаг не сделали». Поэтому мы частными усилиями и средствами решаем проблемы отчаянного положения существования художника в обществе, создавая альтернативные бюджетные варианты видеофильмов.

